

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

БАРЛЫҚ САЛАДА ӨСІМ БАР

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ «JETISU MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА «2019 ЖЫЛҒЫ АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ ӨТТІ.



БАҚ өкілдерінің қатысумен өткен жиында аудан әкімі Әлібек Жақанбаев 2019 жылдағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері жайлы баян етті.

Аудан экономикасы дамуының негізгі бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығы десек, 2019 жылы 11 айда өндірілген өнім көлемі 39 млрд. 50 млн. теңгені құраған. Жыл аяғына дейін жоспар 105,4 пайызға артып, 41,1 млрд. теңгеге орындалады деп күтілуде.

Есепті мерзімде 16025 ет, 37591 тонна сүт, 1 мың тонна балық, 350 тонна бал өндіріліп, 175 тонна ет пен 686 тонна балық экспортталыпты. Егістік алқабы 84667 гектарға игерілген. Үстіміздегі жылы жалпы қуаттылығы 4000 тонна ет өнімдерін өңдеу кәсіпорны, 1500 басқа арналған мал бордақылау алаңы, 988 млн. теңгеге «Алакөл асыл жылқысы» серіктестігінің 20 мың басқа арналған жылқы фермасы қолданысқа беріліпті. Нәтижесінде аудан экономикасына 1,8 млрд. теңге инвестиция тартылып, 108 тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етілген. Ал алдағы жылға барлық егіс көлемін 84700 гектарға игеру жоспарланыпты.

Өнеркәсіп саласында да ауыз толтырып айтарлық жұмыстар атқарылыпты. Он бір айда 8 млрд. 613 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, заттай көлем

индексі 103,9 пайызды құраған. Жыл аяғына дейін 10 млрд. 720 млн. теңгеге орындалып, заттай көлем индексі 103,5 пайызға жеткізіледі деп күтілуде.

«Инвестиция бойынша айтатын болсам, аудан экономикасына 11 айда 27 млрд.136 млн.теңгенің инвестициясы тартылып, заттай индексі 127,8 пайызды құрады. Оның 20 млрд.929 млн.теңгесі немесе 77,2 пайызы бюджеттен тыс қаражаттар. Жыл аяғына дейін 27 млрд. 500 млн. теңгеге жеткізіліп жылдық жоспар 112,7 пайызға орындалады. (жоспар 24,4 млрд. теңге) 2020 жылы 27,5 млрд.теңгеге инвестиция тарту жоспарымызда», – дейді Әлібек Әскербекұлы.

Мемлекет құрылысының қуатты тірегі шағын және орта бизнес екендігі мәлім. Бұл салаларға да ауданда көп көңіл бөлінуде екен. Бүгінгі күні аталған салада 11132 адам жұмыспен қамтылып, 3206 субъекті жұмыс жасауда деген баяндамашы олардың өндірген өнімдері мен көрсеткен қызмет көлемі 32 млрд. 282 млн. теңгені құрап, бюджетке 1 млрд. 725 млн. теңгенің салығы түскенін де

тілге тиек етті.

Аудан әкімі баяндамасында аудандағы құрылыс саласына да тоқталды. Айтуынша, ағымдағы жылдың 11 айында барлық қаржыландыру көздері есебінен 8339 шаршы метр тұрғын үй кіріске алыныпты. Құрылыс жұмыстары көлемінің жылдық жоспары 116,2 пайызға орындалып, 16,4 млрд. теңгені құраған.

Алдағы 2020 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында екі 20 пәтерлі және бір 60 пәтерлі тұрғын үй құрылыстары жүргізілмек деген аудан әкімі оның 20 пәтері кезекте тұрған көпбалалы аналарға берілетіндігін де айтты.

«Өңіріміздің басты түйткілді мәселесі жол. Алайда бұл бағытта да жыл өткен сайын түрлі жұмыстар атқарылып, өз нәтижесін көрсетуде. 2019 жылы жергілікті маңызы бар автокөлік жолдары бойынша 9 елді-мекеннің 22 шақырым болатын 24 көшесі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, Ақши ауылындағы туризм инфрақұрылымын дамыту мақсатында автокөлік жолдарының құрылыстары

атқарылуда. Атап айтатын болсақ, 2018 жылы 23,8 шақырым жол пайдалануға берілсе, 2018-2019 жылдары 6 шақырым жол салынды. Ал, облыстық маңызы бар жолдар бойынша Үшарал – Қамысқала (6 шақырым), Қабанбай – Көктұма (4 шақырым), Қайнар ауылына кіре беріс (2,4 шақырым) автокөлік жолдарына орта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аудандағы барлық жолдың сапасы 53,6 пайыздан 55 пайызға жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жеткізілді. Сонымен қатар, қазіргі таңда республикалық маңызы бар «Үшарал-Достық» бағытындағы 184 шақырым (0-60 шақырымының 26 шақырымына асфальт төселді) және «Талдықорған – Қалбатау - Өскемен» бағытындағы 149 шақырым (22,5 шақырымына асфальт төселді) жол құрылысы жүргізілуде. 2020 жылы 4 елді-мекенге 23,5 шақырым автокөлік жолдарын салу жоспарлануда», – деген Әлібек Жақанбаев туризм саласы бойынша да атқарылған жұмыстарды тілге тиек етті.

Алакөл демалыс аймағын дамыту облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының тікелей назарында екендігін айтқан баяндамашы: «Бүгінгі таңда Алакөл демалыс аймағында күніне 23714 туристке қызмет көрсететін 244 демалыс орындары жұмыс істейді. Ағымдағы жылы өз қаражаттары есебінен 1291 орынды 35 нысан қолданысқа беріліп, аудан экономикасына 2,6 млрд.теңгенің инвестициясы тартылып, демалушылардың саны 1 млн.340 мың адамға жетті, 7 млрд. 951 млн.теңгенің қызметі көрсетілді (бұл өткен жылдың сәйкес мерзімінен 130,2 процентке артық). 2020 жылы Ақши демалыс аумағында өз қаражаттары есебінен «Көктем Гранд» серіктестігі 1 млрд. 510 млн. теңгеге және «Гранд Вилл» серіктестігі 2 млрд 950 млн. теңгеге демалыс орындарын салу жоспарлануда» – дейді.

Әлібек Әскербекұлы өз сөзінде ауданның әлеуметтік, білім, денсаулық, спорт және мәдениет саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндай келіп, 2019 жыл қорытындысы бойынша ауданда барлық бағыт бойынша оң өсім байқалатынын айтты.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне
2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін

1 жылға – 4470, 20 теңге.

ауыл тұрғындарына

1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год

на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

1 год – 3640 тенге.

для города областного значения

1 год – 4470, 20 тенге.

для сельского населения

1 год – 4700, 80 тенге.

Индекс: 15534

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ LV СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ОНДА ДЕПУТАТТАР ОБЛЫСТЫҢ 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТТІҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАП, БЕКИТТІ.



ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ

ЖАҢДАНАДЫ

Сессияда облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов баяндама жасады. Ол облыстың алдағы үш жылға арналған бюджетінің жалпы көлемі 1,8 триллион теңгені құрайтын шығыс бөлігінің жобасын қарастыруға ұсынды. Баяндамашының сөзінше, 2020 жылға арналған бюджет жобасы 579 млрд. теңге сомасында анықталды, бұл 2019 жылдың бекітілген бюджетінен 27,9 пайызға немесе 126 млрд. теңгеге артық. Айтуынша, жоспарланған қаражаттың ең көп үлесі әлеуметтік салаға – 23,2%, тұрғын үй және инженерлік коммуникацияға – 18,6%, сумен қамтамасыз ету – 4,1%, газбен қамтамасыз етуге – 2,7% және басқаларына – 51,4% көлемінде бөлінген. Жалпы алдымыздағы үш жылда әлеуметтік саланы дамытуға 1,2 триллион теңге көзделуде, бұл облыс бюджеті көлемі 60 %-дан астамын құрайды.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов: - Ертеректе республикадан бөлінетін қаржыдан облыстың меншікті кірісі әлдеқайда төмен болған жылдар да болды. Ал қазір біздің облыстың меншікті кірісі - 248 млрд. теңгеге жетті. Бұған біз инвестиция тарту арқылы, жаңа өндірістер ашу арқылы қол жеткізіп отырмыз. Елбасы шет елдермен іскерлік байланыс орнатып, өңірлерге инвестиция тартуға жол ашып берді. Күні кеше Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың шетелдік ірі инвесторлармен кездесулерінде Алматы облысындағы екі ірі «Бауманн» және «Лукойл» инвестициялық жобаларының талқыланып отырғаны да бізді ерекше қуантады. Келесі жылдың бюджетін қалыптастырудың алдында аудан, қала әкімдерінің, облыстық басқарма басшыларының жобаларымен таныстырып, ұсыныстарын тыңдадық. Келесі жылы елді мекендерді

газдандыруға ерекше назар аударылады. Ең бастысы, өткен жылы магистралды газ құбырын тарттық, АТРС-тер салдық, енді аудан, қала ішілік газ тарту жұмыстарын қузау керек. 2020 жылы осы мақсатқа бағытталған қаржыға қосымша тағы да қаражат бөлеміз. Алматы облысында 2020 жылды газдандыру жылы деуге болады. Қазір Қапашағай қаласында бұл жұмыста алға жылжушылық бар. Инвесторлар өз қаржысына Заречный ауылына газ жеткізді. Кейбір аудандарда бұл жұмыс мүлде жүрмей жатыр. Орынбасарым Бағдат Манзоров пен облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасына осы іспен түбегейлі айналысуды тапсырамын. Әкімдердің, тиісті басқарманың келесі жылғы жұмыстарын дәл осы газдандырудағы аяқ алысына қарап бағалаймын, - деді.

Оған қоса облыста тұрғын үй салу да қарқын алмақшы. Мәселен, келесі жылы Талдықорғанда 22 үй салына бастайды. Облыс басшысы тұрғын үйге сұраныстың көптігін, Қарасай, Іле, Талғар аудандарында да тұтас шағын аудандар салу керектігін айтты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында үш ауысымды мектептерді жою туралы айтылғанын еске сала отырып, өңірде 38 мектеп үш ауысымды санатында екенін тілге тиек етті. Соған сәйкес облыста келесі жылы 32 мектеп салынбақ. Қалғанын мектепті кеңейту, яғни жапсаржай салу арқылы шешуге болады. Сол сияқты инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, мектептерге балаларды тасымалдауға және Талдықорған қаласының қоғамдық көліктерін жаңалауға заманауи автобустар сатып алу, «Өңірлерді дамыту» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары бойынша елді мекендерді көркейту, шағын және орта бизнесті қолдау сияқты маңызды жұмыстарды атқару одан әрі де жалғастырылатынын жеткізді.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

БАСПАНА

ҮЙДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Тәуелсіздік күнінде Алматы облысында кезекте тұрған азаматтарға 100 үйдің кілті берілді. Жаңа үй иелерінің қатарында жетім балалар, I, II топтағы мүгедектер, толық емес және көпбалалы отбасылар бар.

Өңір басшысы А. Баталов қоныстой иелерін қуанышымен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. – Тәуелсіздік күніне орай кезекте тұрған азаматтарға көптен күткен баспаналарының кілтін беріп отырамыз. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы», «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламаларының арқасында облыста тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар салынып, инфрақұрылым дамытылуда, елді мекендер абаттандырылуда. Осы қоттедж қалашығында жуық арада 900 орындық мектеп салынады, оның жобасы жасалуда. Сол сияқты балабақша, басқа да қажетті әлеуметтік нысандар салынады, қоттедж қалашықтың аумағы толық абаттандырылып, көркейтіледі. Осының бәрі Елбасының сарабал саясатының және оны қазіргі Президент Қасым-



Жомарт Тоқаевтың лайықты жалғастыруының арқасында тәуелсіздігімізді нығайту нәтижесінде орындалып отыр, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Осындай ақ тілектен соң пәтер кілттері табысталды. Облыс әкімі жаңа баспанаға ие болған екі көпбалалы отбасының шаңырағында болып, теледидар, балаларға ойыншықтар мен тәттілер сыйға тартты.

Биылғы жылы облыста 672

көп балалы отбасы баспаналы болмақ. Бұл ретте 200 жеке тұрғын үй мен пәтерлер меценаттардың жеке қаражатына сатып алыныпты. Ал, Тәуелсіздік мерекесі күні Талдықорғанда 55 қоттедж үй мен қайталама тұрғын үй нарығынан сатып алынған үйлерді қосқанда жалпы саны 100 үйдің кілті берілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ



ұсынған болатынбыз. Міне, енді, сол күрмеулі мәселенің түйіні тарқатылар күн де алыс емес. Алайда, мұнымен іс бітті деуге де болмас. Себебі, шаһарда әлі де болса бағыттар жетпей, көлік жетіспей жатқан көшелер мен шағын аудандар бар.

Айта кетейік, қалада жолаушылар тасымалымен айналысатын 7 автопарк бар. Олардың балансындағы 200-ге жуық автобус 28 бағыт бойынша адам тасымалымен айналысады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП КОММУНАЛДЫ АВТОБУС ПАРКІ АШЫЛМАҚ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ ҒАЛЫМҰРАТ ЖҮКЕЛ ӨЗІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ПАРАҚШАСЫНДА МӘЛІМДЕДІ.

Әкімдік өкілі бұл қаладағы қоғамдық көлік мәселесін шешетінін жазғанымен, парк жұмысы жайында нақты ештеңе айтпаған.

Естеріңізде болса, осыдан аз уақыт бұрын газетімізде осы мәселені көтеріп, көп талқысына

ЗАҢ АЯСЫНДА

Ел Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Біз шамадан тыс құдалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тарттық. Алайда, елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр. Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын» деп қадап айтты.

МІНДЕТТІ МІНСІЗ АТҚАРУ

Осы маңызды тапсырманы орындауда қазір Үкімет тарапынан тиісті жұмыстар атқарылу үстінде. Соның бірі жас балаларға жыныстық сипаттағы зорлық жасауға тосқауыл қою жолында ондай әрекетке барғандарды өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау мәселесі болып табылады. Мұндай қатаң жаза баланы зорлауға әрекет

етпес бұрын сондай қара ниетті азғындардың тізгінін тартқызып, ойландыратын шығар деген сенім бар. Дегенмен де, мұндай орны толмас өкінішті жағдайға кейде ата-аналардың өздері себепкер болып жататынын да айта кету керек. Айталық, 3-4 балалы болған ерлі зайыптылар дәм тұздары жараспай, ажырасып жатады. Өкесі болса өз кіндігінен шыққан балаларын

асырап-бағуға жәрдемдеспей, жұмыссыздығын желеу етіп, алимент төлеуден жалтарып жүреді. Ал, балаларын асырай алмай, әбден әлекке түскен жалғыз басты ана жолына кезіккен көлденең көк атты еркекке тұрмысқа шығып, соны сүйеу болар деп үміттенеді. Сондай өгей әкелер анасымен еріп келген қыздарын үйде оңаша қалғанда жыныстық қатынасқа мәжбүрлейтін

жағдайлар аз емес. Сондықтан, егер балаларының болашағын ойлайтын болса отбасындағы кез келген кикілжінді сылтауратып, ажырасудың орнына ерлі-зайыптылар бір біріне кешірімді болып, ортақ тіл тапса нұр үстіне нұр болар еді.

«Ашу дұшпан ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деп халқымыз айтқандай, некені бұзу мәселесін жеті өлшеп, бір кесу арқылы шешкен дұрыс.

Сонда, әке тәрбиесі жетіспей бұзақы болып өсетін жеткіншектер, өгей әкесінен зорлық көретін балалардың қатары да азаяры анық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, баланы бауыр етім десең, оның болашағы үшін ата-аналық міндетті мінсіз атқаруымыз қажет.

Мұхитден ТОХТАУНОВ, Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.

ОПАСНОСТИ ТОНКОГО ЛЬДА



Статистика осенне-зимнего периода времени показывает, что чрезвычайные ситуации, прежде всего, случаются с любителями-рыболовами, а также с гражданами и их детьми, пренебрегающими правилами безопасности на воде, при переходе и переезде в неустановленных местах по тонкому льду, использующими для переправы плавсредства без индивидуальных средств спасения, в неисправном состоянии, выходящими на водные акватории в ночное время и в нетрезвом состоянии, не обращая внимания на штормовые предупреждения.

Вода жестоко накажет за легкомыслие, незнание, неумение и безволие. Факторами самоспасения при чрезвычайной ситуации на воде является постоянная готовность к действию в экстремальных ситуациях, воля к жизни, знание правил самоспасения.

ДЧС Алматинской области призывает граждан соблюдать простые правила безопасности на тонком льду:

- безопасная толщина льда для одного человека не менее 10 см;
- безопасная толщина льда для совершения пешей переправы 15 см и более;
- безопасная толщина льда для проезда автомобилей не менее 30 см;
- в устьях рек и протоках проч-

ность льда ослаблена. Лед непрочен в местах быстрого течения, бьющих ключей и стоковых вод, а так же в районах произрастания водной растительности, вблизи деревьев, кустов, камыша;

- если температура воздуха выше 0 градусов держится более трех дней, то прочность льда снижается на 25%;

- прочность льда можно определить визуально: лед голубого цвета – прочный, белого – прочность его в 2 раза меньше, матово белый или с желтоватым оттенком – ненадежен;

- необходимо остерегаться под снегом глубоких трещин, не рекомендуется пробивать несколько лунок на близком расстоянии одна от другой - это ослабит лед;

Категорически запрещается:

- переходить и переезжать водоемом по льду в неустановленных и непроверенных местах;
- производить заготовку льда, разводить костры, выкалывать лунки для рыбной ловли на участках переправы и близости к ней;
- переходить и переезжать водоемы по льду в местах, где установлены знаки, предупреждающие о возможной опасности;
- рыбная ловля, движение пешеходов и транспорта в начальный период ледообразования и ледостава;
- допускать скопление больших групп людей, скота и техники на льду;

На территории Алматинской области протекают такие крупные реки как Или, Коксу, Каратал, Аксу, Лепсы, Тентек и около 400 мелких рек, каналов и протоков, а также имеется 85 прудов, 75 водохранилищ, из них наиболее крупные: Капшагайское, Бартогайское, Куртинское и Бестюбинское. А также имеются крупные озера: Балхаш, Алаколь, Сасыкколь, Жаланашколь.

- устраивать катки, массовые игры и лыжные соревнования возле ледовых переправ и около мест, представляющих опасность для жизни, а также при толщине льда менее 25 см;

- сваливать мусор, навоз и другие отходы на ледяной покров водоема;

- пользоваться спасательными средствами не по прямому назначению, самовольно переставлять или убирать предупредительные знаки.

Что делать, если Вы провалились в холодную воду:

- не паникуйте, не делайте резких движений, сохраните дыхание;
- раскиньте руки в стороны и постарайтесь зацепиться за кромку льда, придав телу горизонтальное положение;
- зовите на помощь: «Тону!»;
- попытайтесь осторожно налечь грудью на край льда и забросить одну, а потом и другую ноги на лед;
- если лед выдержал, перекаты-ваясь, медленно ползите в ту сторону, откуда пришли, ведь здесь лед уже проверен на прочность.

Помогите пострадавшему следуйте незамедлительно и очень осторожно: если беда произошла недалеко от берега и пострадавший способен к активным действиям, ему нужно бросить веревку, шарф, подать длинную палку, доску, лестницу и другие подручные средства спасения; после извлечения пострадавшего из ледяной воды его необходимо незамедлительно отогреть, доставить в теплое помещение, вызвать «скорую помощь».

«WASTE MANEGMENT» – УПРАВЛЕНИЕ ОТХОДАМИ ЧЕРЕЗ УПРАВЛЕНИЕ УБЫТКАМИ», - ТАК НАЗЫВАЛАСЬ ВСТРЕЧА УЧАЩИХСЯ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН С ЭКОТРАЕНЕРОМ ДАМИРОМ КАРИМОВЫМ.

МУСОР – ЭТО ДЕНЬГИ



Эколог и общественный деятель Дамир Каримов познакомил ребят с организацией ECO Network, рассказал об его миссии, о модели зеленого офиса, которую развивает компания.

По словам эколога ECO Network системно внедряют в своем офисном пространстве принципы сортировки отходов для их дальнейшей переработки, в свою очередь предоставляя организациям ЭКО боксы.

В Назарбаев Интеллектуальной школе их установлено 30, боксы для бумаг и пластика.

В рамках встречи были раскрыты вопросы по внедрению эко-стандартов в образовательной среде, вместе с учащимися обсуждены эко-мероприятия, которые нужно проводить в школах, каким образом можно сортировать отходы и конечно вопросы об рациональных потребностях.

«Переработка мусора – это не только чистый город, но и крайне прибыльный бизнес. Именно переработка, а не просто сваление мусора в лесу или сожжение под открытым небом. Для понимания этого факта во-первых, нужно доносить мусор до урны. Во-вторых, сортировать и перерабатывать и, в-третьих, постоянно снижать потребление, то есть не покупать лишний мусор», – подытожил свое выступление эколог Дамир Каримов.



ПЕНСИЯ В ЕАЭС

Люди меняют города и страны. Часто миграция населения связана со сменой работы и рода занятий. Помимо оформления трудовых отношений предусмотрены нормы пенсионного обеспечения. Особенно это актуально для трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), поскольку именно между этими странами особенно активно происходит трудовая миграция. На вопросы о том, как формируются пенсионные права граждан государств-членов ЕАЭС, рассказывает заместитель директора департамента организации выплат и информирования АО «ЕНПФ» Гульмира Кимолоева.

Гульмира Кенжебековна, каким документом будет урегулированы вопросы пенсионного обеспечения трудящихся стран ЕАЭС? Что даст этот документ гражданам стран ЕАЭС?

Пенсионное обеспечение трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) в соответствии с пунктом 3 статьи 98 Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года регулируется законодательством государства постоянного проживания, а также в соответствии с отдельным международным договором между государствами-членами ЕАЭС.

В целях реализации положений этого Договора государствами-членами ЕАЭС совместно с Евразийской экономической комиссией (ЕЭК) разработано Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза. Соглашение будет применяться в отношении трудящихся и членов их семей.

При этом Соглашением определено, что трудящимся является гражданин государства-члена ЕАЭС, у которого формируются либо формировались пенсионные права посредством осуществления трудовой или иной деятельности на территории другого государства-члена.

Основной целью Соглашения является формирование пенсионных прав трудящихся государств-членов ЕАЭС за счет пенсионных взносов на тех же условиях и в том же порядке, что и граждан государства трудоустройства, а

также реализация права на назначение и выплату пенсии на тех же условиях, что и для граждан государства трудоустройства.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислениям пенсионных взносов в стране трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договоры, тем самым формировали свои пенсионные права.

На какие виды пенсий могут претендовать граждане стран ЕАЭС в рамках разрабатываемого Соглашения, в том числе в Республике Казахстан?

Виды пенсий, назначаемых государствами-членами ЕАЭС, на которые будет распространяться Соглашение, определены статьей 2 проекта Соглашения.

Пенсия будет выплачиваться государством-членом, назначившим ее, в том числе в случае проживания трудящегося на территории другого государства-члена ЕАЭС.

Трудящийся будет иметь право на получение пенсии на территории государства проживания либо государства трудоустройства (члена ЕАЭС), назначившего пенсию.

Перечень документов для назначения и выплаты пенсии трудящемуся будет регулироваться национальным законодательством каждого государства-члена ЕАЭС.

В Казахстане Соглашение будет распространяться на правоотношения по уплате пенсионных взносов в ЕНПФ и на пенсионные выплаты из ЕНПФ:

- по достижении пенсионного возраста;
- при установлении инвалидности 1 и 2 групп, если инвалидность установлена бессрочно;
- единовременная выплата наследникам.

Каким образом гражданин страны ЕАЭС (Российской Федерации или Казахстана) сможет реализовать свое право на

заработанную пенсию, какие документы и куда нужно подавать?

К примеру, если гражданин РФ после вступления в силу Соглашения будет работать в Казахстане по трудовому или гражданско-правовому договору, то он будет участвовать в накопительной пенсионной системе путем ежемесячного перечисления пенсионных взносов в ЕНПФ в порядке и на условиях, которые установлены национальным пенсионным законодательством Республики Казахстан.

При этом получить свои пенсионные накопления он сможет только при достижении пенсионного возраста по законодательству Республики Казахстан или при установлении инвалидности 1 и 2 групп, если инвалидность установлена бессрочно также по законодательству Республики Казахстан, т.е. на равных условиях с гражданами РК, обратившись с необходимыми документами в ЕНПФ (это компетентный орган в РК в части формирования пенсионных взносов и пенсионных выплат) или в Пенсионный фонд РФ (т.е. компетентный орган государства проживания).

Если банковский счет получателя пенсии будет открыт на территории РФ, то ЕНПФ будет ежеквартально перечислять пенсию на расчетный счет Пенсионного фонда РФ в российских рублях, которые Пенсионный фонд РФ будет перечислять на банковский счет получателя.

В случае, если гражданин РК приобретет стаж работы (например, 5 лет) на территории РФ после вступления в силу Соглашения, то при возникновении права на пенсию по условиям пенсионного законодательства РФ (достижение пенсионного возраста, наличие определенного трудового стажа, количества индивидуального пенсионного коэффициента), РФ назначит пенсию за отработанный в РФ трудовой стаж.

При этом гражданин РК будет вправе подать заявление с документами (перечень документов определяется по законодательству РФ) на назначение и выплату пенсии в Пенсионный фонд РФ или в ЕНПФ.

Если банковский счет получателя пенсии

будет открыт на территории РК, то Пенсионный фонд РФ ежеквартально будет перечислять пенсию на счет ЕНПФ в тенге, которые ЕНПФ будет перечислять на банковский счет получателя.

Каким образом будут взаимодействовать компетентные органы стран ЕАЭС (пенсионные фонды) при назначении и выплате пенсии?

Взаимодействие компетентных органов будет урегулировано отдельным документом, а именно Порядком взаимодействия между уполномоченными органами, компетентными органами и ЕЭК по применению норм Соглашения (далее – Порядок), который сейчас разрабатывается ЕЭК совместно с государствами-членами и вступит в действие одновременно с Соглашением.

В рамках Порядка ЕЭК совместно с уполномоченными и компетентными органами разрабатывает соответствующие формуляры, содержащие в себе сведения, необходимые для назначения и выплаты пенсии, или имеющих значение по ранее назначенным пенсиям в рамках Соглашения, которыми будут обмениваться компетентные органы.

Также ЕЭК совместно с уполномоченными и компетентными органами ведет работу по интеграции информационных систем уполномоченных и компетентных органов государств-членов с интегрированной информационной системой ЕЭК, по переводу сведений, документов, формуляров, используемых при реализации положений Соглашения и Порядка, в электронный вид.

До перехода на использование интегрированной информационной системы ЕЭК взаимодействие между компетентными органами и ЕЭК будет осуществляться в бумажном виде путем обмена формулярами, а также документами, необходимыми для назначения и выплаты пенсии.

Когда планируется подписание Соглашения и его вступление в силу?

Планируется, что Соглашение будет подписано главами государств-членов ЕАЭС в декабре текущего года после завершения внутригосударственных процедур, необходимых для его подписания всеми странами ЕАЭС. При этом Соглашение вступит в силу после его ратификации всеми странами ЕАЭС.

ТҮЙТКІЛ

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

Бизнес көзіне айналмауы тиіс

Біздің балалар не жеп жүр? Мектепте немен тамақтанады? Мектеп асханалары талапқа сай ма?



Мәзірге кіретін тағамдарды мектептің медбикесі келіп тексеріп, сынамасын алып тұрады. Ал одан бөлек жылына екі рет санитарлы-эпидемиологиялық қызмет пен білім бөлімі тексеріс ұйымдастырады – дейді ол.

нан шыққан 130 оқушы тегін тамақтанады. Мектептің әлеуметтік педагогі Әсем Маратқызының айтуынша, 80 оқушы үкімет, 50 оқушы асхана басшылығының тарапынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Тегін тамақ мәзірінде міндетті түрде бірінші және екінші ас қарастырылған.

Жалпы мектеп асханасында тамақтандыру орташа бағасы 300 теңге, ал бастауыш сыныптар үшін 350 теңгені құрайды. Бұл бағаларды асхана басшылығы тендерге қатысқан кезде белгілейді. Әр мектептегі тамақтың бағасы әртүрлі болуы да сондықтан. Мысалы, Б.Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейдің асханасында бастауыш сынып оқушылары 305 теңгеге, ал 5 және одан жоғары сыныптарда оқитын оқушылар 375 теңгеге тамақтана алады. Бұл жайында мектептің әлеуметтік педагогі Балауса ЕРҒОЖА айтып берді.

– Бізде тегін тамақтанатын оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты үш түрлі ас мәзірі қарастырылған. Яғни, 6-11, 7-11 және 11-17 жастағы балалар үшін. Мәзірге кіретін тағамдар бір болғанмен, балалардың жас ерекшеліктеріне сай әртүрлі көлемде беріледі. Ас мәзірінде орамжапырақ, картоп, күріш, кеспе және қышқыл көжелер, екіншіге сүзбе қосылған вареники, тұшпара, тауық етінен палау, сиыр етінен тефтели, тауық етінен тефтели, көкөніс салаттары, айран, шырын, сүтті шәй, лимон қосылған қара шәй, компот, какао және сүт бар. Одан бөлек асханамызда самса, пицца, бәліш, тәтті бәліш, ірімшік тоқашы дайындалады – деген ол оқушыларды дұрыс тамақтануға бейімдеу мақсатында асхана жанында арнайы стендтер ілініп тұрғанын да тілге тиек етті. Түрлі шоколадтар, чипсы, газдалған және энергетикалық сусындарды мектепте сатуға және тұтынуға болмайтындығы көрсетілген стенд те оқушылар санасына әсер етпей қоймайтыны анық. Әсіресе кішкентайлар ненің пайдалы, ненің зиян екенін санасына сіңіріп

өсуі тиіс. Десек те, қазіргі балаларды зиянды тағамдардан толықтай шектеу қиынға соғуда. Мектеп басшылығы мен асхана тарапынан дұрыс тамақтануға барлық жағдай жасалса да, оқушылар дүкенде сатылатын түрлі тәттілер мен сусындарды сатып алуға бейім. Оны білген кәсіпкерлер де оқу орындарының жанынан сауда нүктелерін ашуды тоқтатар емес. Газдалған сусындар, чипсы, кириешки мен тәттілердің түр-түрі бар дүкендер, самса, донер сататын нүктелер мектеп жасындағы оқушыларға тым қолжетімді-ақ. Мәселен, Ш.Уәлиханов атындағы №10 орта мектептің дәл жанында самса сататын дүңгіршек жұмыс істеп тұр. Мектеп директорының айтуынша, кәсіпкердің жұмысы барлық жағынан заңға сәйкес. Ол жердің иесімен талай рет сөйлесіп, бұл мәселені қалалық білім бөлімінде де көтерген. Бірақ дүңгіршектің жұмысын тоқтата алмаған. Ал мектеп асханасы 205 оқушыны тегін аспен қамтамасыз етеді. Олардың 115-і мемлекет, 90-ы асхана басшылығы тарапынан тамақтанады екен. Ал өзге оқушылар мектеп асханасынан орташа есеппен 400 теңгеге толыққанды тамақтана алады. Алайда, олардың басым бөлігі мектеп маңында сатылатын самса мен басқа да тез дайындалатын тағамдарға әуес. Асханаларда зиянды тағамдар сатуға шектеу қойылғанымен, білім ғимараттарының маңында орын тепкен дүкендер мен самса сататын орындардың жұмысына шектеу қоя алмай келеді. Қаламыздың кейбір мектептерінде буфеттер жұмыс істеп тұрғанын ескерсек, балаларды дүкендік өнімдерден толықтай шектеу қиынға соғатыны анық. Мысалы, «Дарында балаларға арналған үш тілде оқытатын №20 арнаулы лицейі» буфеттік тамақтануға негізделгендіктен, онда самса, бәліш, рұқсат етілген тәттілер, йогурт, сусындар сынды өнімдер сатылады.

Лицей директоры Салима МАМЛЕЕВАНЫҢ айтуынша, талап бойынша буфеттер мектепте асханаларға арналған арнайы орын-жай болмаған жағдайда ұйымдастырылады. Ал оларға ыстық тамақ №18 мектеп-лицейдің асханасынан арнайы алынады екен. Мектеп басшысының сөзінше 400-ден аса оқушысы бар лицейдің асхана мәселесі осыған дейін талай рет көтерілген. Бірақ ғимарат талаптарына байланысты шешімін таппаған.

Ал асханасы бола тұра буфеттер қосымша жұмыс істейтін мектептер жайы тіптен бөлек мәселе. «Сабақта жүріп-ақ тәттілерді сатып алудан қандай бала бас тартсын?! Оларға кейін аллергия шықса немесе тәбеті бұзылып жатса кім жауапты болады?!» деген ата-аналардың жан айқайына кім жауап береді?! Олардың айтуынша, буфеттен балалар түрлі шоколадтар, сусындар сатып алады. Бұл баланың денсаулығы үшін аса қауіпті. Сондықтан, мектеп басшылығы баланың білімімен қатар оның тамақтануын да басты назарда ұстауы керек.

Осы орайдағы сауалымызды облыстық білім басқармасының мектептердегі тамақтануға қатысты жауапты маман Саида САМАНОВАҒА қойған едік.

– Мектеп асханасын жалдап отырғандар кіші кәсіпкерлер. Сондықтан, біз оларға кез келген уақытта барып тексеріс ұйымдастыра алмаймыз, – деген қысқа жауап алдық.

«Ас адамның арқауы» демекші, құнарлы ас бойға күш-қуат берсе, құнарсыз тағам дертке душар етеді. Мамандар пікіріне құлақ ассақ, соңғы жылдарда балалардың түрлі дертке шалдығу оқиғалары артқан. Мұның басты себебі олардың дұрыс тамақтанбауынан, яғни, түрлі фаст-фуд өнімдерін, газдалған сусындар ішудің салдарынан орын алып отырғанын айғақтайды. Қалай десек те, мектеп асханасы мәселесі әсіресе ата-аналарды жиі толғандырады. Осы мәселені алға тартқан олар тамақтану сапасына барынша көңіл бөлінуі керектігін, асхана бизнестің көзіне айналмауы тиіс дейді. Ал, сіздің мектептің асханасының қызмет сапасы қандай?!

Айсұлу ӘБІШЕВА

Тамақтану сұрақтары. Білу маңызды!

Көмірсулар - бұл қарапайым және күрделі қанттар. Қарапайым көмірсуларға глюкоза, фруктоза, галактоза, сахароза және т.б. жатады, күрделі көмірсуларға гликоген, крахмал және т.б. жатады. Көмірсулар біздің ағзанымыздың жұмысы барысында маңызды рөл атқарады. Олар, басты энергия көзі, көмірсулар қорғаныш, реттеушілік және басқа ағзаларға функцияларға қатысады. Алайда, көмірсуларды мөлшерден тыс тұтынған жағдайда, ағзанымыздың көмірсуларды майларға айналырады, ал ол семіруге әкеледі. Сондықтан, тұтынуға құрамында көмірсулар бар азық-түліктерді қалыпты тұтынған абдал, және құрамында көп мөлшерде көмірсулар бар азық-түлікті шектеуге азық-түліктерді ұсынамыз. Осыған қарап, қорытынды жасаймыз.

1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 8,2 гр.)	1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 9 гр.)	1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 11,8 гр.)	1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 12,8 гр.)	1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 12,8 гр.)	1 көмірсу 43,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 12,8 гр.)
1 көмірсу 53,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 10,6 гр.)	1 көмірсу 63,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 12,6 гр.)	1 көмірсу 73,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 14,6 гр.)	1 көмірсу 83,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 16,6 гр.)	1 көмірсу 93,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 18,6 гр.)	1 көмірсу 103,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 20,6 гр.)
1 көмірсу 113,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 22,6 гр.)	1 көмірсу 123,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 24,6 гр.)	1 көмірсу 133,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 26,6 гр.)	1 көмірсу 143,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 28,6 гр.)	1 көмірсу 153,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 30,6 гр.)	1 көмірсу 163,0 гр көмір бар (100 гр. өлшем 32,6 гр.)

және қант енгізіледі. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құс еті екі жетіде бір беріледі. Күнделікті ас мәзіріндегі тағамдар қайталанбайды. Мысалы, дүйсенбі күні тауық еті мен картоп қосылған көже, екінші асқа күріш ботқасын дайындасақ, келесі дүйсенбі сиыр еті мен картоп қосылған күріш көже және екінші асқа тары ботқасы беріледі. Екі аптаның бір жұма күнінің ас мәзірінде картоп қосылған балық сорпасы мен балық етінен жасалған котлет бар. Одан бөлек мектептің ас мәзірінде сиыр етінен дайындалған тағамдардан – бұқтырылған картоп, палау, қуырдақ, тефтели, гуляш, шарауа сорпасы, кеспе, күріш, бұршақ көжелер бар. Ал тауық етінен әзірленген тағамдардан – тауық еті қосылған үй кеспесі, бұқтырылған тауық еті қарақұмықпен және макаронмен беріледі. Оған қоса сәбіз, қызанақ және қияр қосылған жеңіл салаттар мен тәтті тоқаштар бар. Ал сусынға балалар сүтті немесе лимон қосылған қара шәй, кисель, компот және какао алады. Заңға сәйкес мектеп асханасының маусымдық екі апталық ас мәзірін жасаймыз. Мәзірді әзірлеу барысында оқушылардың жас санаты ескеріліп, берілетін тағамдардың витаминдік-минералдық кешенмен байытылғандығына міндетті түрде мән беріледі. Жалпы білім беретін мектептердің бірінші ауысымдағы оқушыларға таңғы ас пен түскі, ал екінші ауысымдағы балаларға бесін ас беріледі. Олардың жас ерекшеліктеріне байланысты тиісті грамммен белгіленген тағам порциялары ұсынылады. Күн сайынғы



АШЫҚ ӘҢГІМЕ

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ
КІМ ЖАУАПТЫ?

«Тәрбие басы - тал бесік» - деп ұрандағанымызбен бүгінгі қоғамда ұрпақ тәрбиесі көңіл көншітіп тұрған жоқ. Ата-ананың бәріне топырақ шашудан аулақпыз, алайда бауыр еті баласынан безініп жүрген тас жүректер жетерлік. Отбасының жылулығын сезбеген жасөспірім осыдан кейін жетімдер үйінде, болмаса жаңа отбасына бейімдеудің тағы бір түрі «Патронаттық» тәрбие және бала асырап алушылардың панасында жүр. Ал, олардың бала тәрбиесіндегі тағылымдары жайлы Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы Жанна НҮСПОВАНЫҢ өз айтары бар.



және басқа да басшылық тарапынан баланың ата-анасы жауаптылыққа да тартылған. Баланы мектепке жіберуге міндеттелген, соттың шешімі бар. Бірақ, нәтиже жоқ. Соған орай ата-ана құқынан шектеу мәселесі көтеріліп, енді мектеп пен білім бөлімі осы мәселемен айналысып жүр. Біз бұл мәселеде арыздың негізсіз екенін айттық. Себебі, істің анық-қанығын зерттей келе, ата-анасы балаға ешбір қысым жасамайды. Ең бастысы тамағы тоқ, киімі бүтін. Бала да өз әке-шешесін жақсы көреді деген Жанна Нүсіпова мектептегі тәлім-тәрбие жұмыстары бір сыдырғы екенін айтуда. Биылғы жылы он шақты кездесу өткіздік. Сотқа жүгінуші тарап мектеп пен білім басқармалары, әкімшілік тарапынан оқушылардың әке-шешесінің ата-аналық құқынан айыру туралы жиі ұсыныстар түседі.

Ата-ана құқынан айырудың себебі неде? Осы ақырғы шараға дейін сіздер қандай профилактикалық шараларды жүргіздіңдер деп сұраймыз. Айтуда оңай болғанымен ата-аналық құқықтан айыру дегеніміз ең соңғы шара, мұндай шешім амалдың жоғынан қабылданады. Зерделей қарасақ, білім саласындағы басшы да, тәрбие жөніндегі орынбасар да, психолог та, мектептегі инспектор да өз жұмыстарына жүрдім-бардым қарайтыны көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрады. Осындай бір іс бойынша жауапты адамнан «Сіздер сәтсіз отбасы ретінде тіркепсіз, ары қарай не болды?» - десем: «Арнайы комиссия жағдайды дұрыстау үшін ата-анаға үш ай мұрдат берді», - дейді. Сондағысы ата-ананы шақырып құр сұхбатпен қайтарған. Қолдарында жоспар жоқ, психолог баламен де, ата-анасымен де тығыз байланыс орнатпаған, оларды жұмысқа тарту ісі қарастырылмаған. Талдықорған қаласында бір қор бар, әр адам қалтасына қарай ақша салып отырады. Сол қор жиырмаға жуық отбасыға көмек көрсетуде. Әсіресе балаларды мектепке қажетті киіммен қамтамасыз етіп, дәптер-қалам алып береді. Әр ауданға барған сайын осы қордың жұмысын үлгі етеміз. Әрі ауданның атқа мінерлеріне сіздерде де дәулетті жандар бар ғой, солар арқылы осындай күйсіз отбасыларға неге көмектеспеске дейміз. Біздің қоғамда «сәтсіз отбасыларға деген теріс көзқарас қалыптасқан. Оларға біржақты қарап, мүсіркей берсек, еңсесі түсіп кетеді. Адамды өзін-өзі сыйлауға, құрметтеу сезімін мектеп табалдырығында үйрету керек. Бізге сол жетіспейді. Мектеп психологтары тек тест алумен шектеледі. Оның өзі шаблонды түрде.

Мына бір балаға берілген мінездемені қараңызшы. «Тәртібі нашар, сабаққа құлықсыз, өтірік жиі айтады, адамдармен араласпайды, сабақтан көп қалады» - дейді. Ал шын мәнінде бұл бала өгей әкесімен тіл табыса алмайды. Нағашысының қолында тұрады екен. Ал, бала оқитын колледж көрші ауылда. Үй алыс болғасын, сабаққа көп қатыса алмайды. Түсінесіз бе, елдің қабағына қарап жүрген бала

ғой, анығын айтқанда. Тек демеу жетіспейді, қолдау көрмейді. Ал оның жанын түсінетін колледж психологының мінездемесі мынау. Сонда бұл мемлекеттің тұтқасын ұстайтын ұрпақты біз қалай тәрбиелеп жатырмыз. Жалпы айтқанда идеологиялық жұмыс жұтаған. Тамырды басып отырып кеселді анықтаған тамыршыдай теріс әрекет жасаған баланың бойында қандай салаға бейім екенін анықтап, соған орай бағыт-бағдар беретін маманды көріп тұрған жоқпын. Мектептегі инспектор да, психолог та, қағаз толтырып, шара қолданудан арыға бармайды. Мәселен, Кербұлақтағы сабаққа бармай жүрген баламен іш тартып тілдескенімізде, оның оқығысы келеді, мектептегі келенсіздіктен үрейленіп қалған. Дені сау бала мектеп ұжымына тектен-тек налып жүрген жоқ, бір гәптың болғаны анық, әйтпесе ата-анасы да мектеп басшыларымен бостан босқа араздаспайды ғой. Міне, тәрбиенің ұшығы қайда жатыр. Өлгіңдей баларды анандай-мұнандай деп сыртқа теуіп, ата-анасын кінәлай бергенше екі жақ бірігіп, баланы икеміне қарай бейімдеп, бос уақытын өзінің сүйікті ісімен айналысуға баулыса, ол бала ұрлыққа бармайды. Тұрмыстағы тауқыметті көріп, үйінде жейтін тамағы, киетін киімі болмағандықтан, бала қылмысқа барады. Таңғалатын несі бар, үріп ішіп отырған дәулетті жанұялардың да балалары қылмыс жасап жүр. Бұл енді отбасындағы тәрбиенің жоқтығынан. Бірінші некесінен жолы болмай, екінші рет тұрмыс құрған отбасында балалар өгей әкеден зәбір көреді. Жоғарыда колледждегі сабаққа келмей жүрген баланың өгей әкесін сотқа шақырдым, келген жоқ. Екінші рет тағы шақырдым. Ата-анасы екеуінің де сотқа келгісі жоқ. Айтатын сылтаулары да көп. Ал колледж басшылығы бала сабаққа келмеді дейді. Олар да баламен тәрбие жұмысын тиімді жүргізбейді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қайда қарап отыр? Ал, ата-ана колледжге бердік болды деп өз міндетін былай ысырып қояды. Ал бала ұзақ уақыт сабаққа келмесе, оның тікелей қамқоршыларын шақырады да жаңағыдай үш ай мерзім беріп қайтарды. Бала үйіне де бармайды. Оның қандай жағдайда екенін колледж де, үй іші де білмейді. Тағы бір күрделі мәселе ішімдікке салынған отбасылар бар. Отбасында өсіп келетін екі қыз бар, біреуі 14-те, екінші біреуі 17 жаста. Шешесі ащы суға жақын, әкелері жоқ. Шешелерін аналық құқынан айыру мәселесі қарастырылуда. Тұрмыс тауқыметіне байланысты 17 жастағы қызы тұрмысқа шығайын десе, анасының рұқсаты керек. АХАЖ бөліміне барса шешесінің рұқсаты есептелмейді екен. 17 жаста тұрмыс құру үшін қыздың аяғы ауыр болған жағдайда ғана рұқсат етіледі депті. Бұл қандай тәрбие?! Талдықорған өңірі бойынша мұндай жағдайлар өте көп. Қаратал ауданында Президент жолдауын түсіндіру мақсатында халықпен кездестік. Сонда тұрғындар тәлім-

тәрбиелік кездесуді жиі өткізімізді сұрады. Мен ондай тәрбиелік жұмыстар жүргізуге қашанда дайынмын. Бірақ, бір өзім бәріне үлгермеймін ғой. Мен судьямын. Менің міндетім сотқа түскен істі қарап, әділ шешім шығарып, қажет болған жағдайда кемшілік жіберген тиісті органдарға жекеше қаулы қабылдау болып табылады. Ал тәлім-тәрбиелік жұмыс, мектеп пен ата-аналардың міндеті. Егер бұқара бізден көмек сұрап отырса, демек мектептегі тәлім-тәрбиеге көңілдері толмайды деген сөз. Бала асырап алғысы келсе, алып, көңілдерінен шықпаса қайтадан өткізе салатын ол тауар емес. Өкінішке қарай ондай жандар да ортамызда бар. Бала сүйе алмай зарығып жүрген ерлі-зайыптылар, ағайынды екі баланы асырап алған. Үш-төрт жылдан кейін өздерінің кіндіктерінен өрбіген сәбилері өмірге келеді де, олар жаңағы екі баладан жерініп, асыраушысы болу туралы куәліктің күшін жоюға өтініш тапсырады. Себебін сұрасақ, кінәні балалардан көреді. Яғни, бізден ақша ұрлайды дейді.

Сот барысында психологиялық тест жүргізіп, асырап алған балаларға дұрыс қарамағанын, балалардың ауыратынын, ұрып-соғатынын анықтадық. Балалар сот шешімімен балалар үйіне қайтарылды. Бұл жерде балалардың психологиясы бұзылды. Әңгіме арасында: «Қазақстанда жетімдер үйі мүлде болмау керек деген тұжырымға қалай қарайсыз?» - деген сауалды көлденең тарттық.

-Болашақта балалар үйі болмайтын шығар. Бірақ, қазір оған ерте. «Патронаттық» жаңа отбасына бейімдеудің де шикі тұстары бар. Жаңа отбасында бейімдеуде тек қана материалдық қажеттіліктерді ойлайтындар да бар болып шықты. Мысалы, Қаратала ауданында бір оқиға болған. Аты-жөнін атамай-ақ қоялық. Бір адам өз тәрбиеленушілерінің шотындағы ақшаны алған. Мемлекет берген ақшаның сексен пайызын өзі иемденіп отырған. Ал қадағалаушы органдар жұмыстарын тек формалды түрде жүргізген. Баланы алып, қайтадан өткізу деген дұрыс емес. Ол қандай нәрсе жасаса да кері өткізу жауапкершілік емес. Балалар үйінен алған сәттен бастап кері қайтару деген ойдан аса болу керек.

«Сәтсіз отбасын» үнемі бақылауға алу керек. Оған бәрі күш салса ғана өнім бар. Бұл жерде тек бала емес, оның ата-анасына да өз деңгейінде қамқорлық қажет. Бәлкім оларды белгілі бір жаны қалайтын кәсіпке тартса олар да түзелер, ел қатарына қосылар. Сондықтан әңгіме басында айттық, ондай отбасыларды мүсіркеп, қоғамнан шеттетуге болмайды. Осының бәрін мемлекет пен әкімшілік реттеуі керек. Кейбір ата-аналар жауапкершіліктен жалтарып, баламды нағашысы асырап алған, менің шаруам жоқ деген сияқты сылтауларды айтқызабау керек.

Бізде полицейлер жауапкершілікті көбіне анасынан іздейді. Бұл жерде отбасының тірегі болған әке қайда?! Әкенің орны қайда? Айналып келіп үйдің отағасын таппайды. Түрлі сылтаулар айтады. Қазір ер адамдарда жауапкершілік деген жоққа тән. Сотқа келіп ашық түрде мен баламнан, отбасымнан бас тартамын дейтін жігіттер бар. Бұл қалай сонда? Ер адамға өз отбасы керек болмаса, ол кімге керек. Осындай жауапсыз еркектердің арасынан азындаған адамдар шығуда. Сол ата-аналармен, балалармен жұмыс жасайтын психологтар мен мектеп инспекторларының өзі жауапсыз.

Бүгінгі қоғамда азаматтық неке қатты белең алды. Отбасының шырқы бұзылса ештеңені мойнына алмастан кетеді де қалады. Әлеуметтік көмек берілетін уақытта ақша үшін некелерін бұзғандар да болды. Қазір, Елбасының қолдауымен еліміздің 11 аймағында жаңағындай отбасыларға қолдау білдіретін орталықтар ашылуда. Бұл соттарға көмек беретін болады. Отбасы соты қашан ашылары белгісіз. Талдықорғанда пилоттық жобаны қолға алды. Қоғамдағы жасөспірімдерге жыртқыштық атылып тұрған педофильді тоқтатуда аса күрделі мәселе. Осы жайтқа аналардың да қатысты бар. Оған өгей әкенің қорлығын көрдім деген қаншама дәлелдер бар. Қарға тамырлы қазақтар өзінің кім екенін ұмытты. Ата-бабамыздың салт-дәстүріндегі бала тәрбиелеуге қатысты тағылымдарды білім саласына әкелу керек. Дәстүрлі білім беруді қолға алып, ұлттық менталитетті жаңғыртпай болмайды. Жылқы мінездес халықпыз ғой. Сол жылқы жануары өз ұрпағына шапқанын көрдіңіз бе? Мезгілі келгенде үйірден шығарып жібереді - деген Жанна Дүйсенханқызы отбасындағы және білім саласындағы тәлім-тәрбиені, әрі соны қадағалайтын идеологиялық жұмыстың ақсап тұрғанына қынжылыс білдірді.

Дүйсенбі - Понедельник, 23 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.15 «Көңіл толқыны»
 07.00 «TANSHOLPAN»
 10.00, 18.10 Т/х «Шытынаған тағдыр»
 12.00, 00.45 «Ниет» ток-шоу
 14.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPAPAT
 14.10, 22.30 Т/х «Ғазиз жүрек»
 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
 16.00, 03.55 «Апта»
 ақпараттық бағдарламасы
 16.45 03.05 «Баланың көңілі»
 20.35 «Ашық алаң» ток-шоуы
 23.25 «Қайырлы кеш қазақстан»
 20.35, 02.15 «Ашық алаң»

ХАБАР

06.00 М/с «Клео»
 07.30 «Таңғы хабар»
 10.00, 22.30 «Қаламгер»
 10.45, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
 11.30 «Хабарлайн»
 12.00 Жаңалықтар
 12.30,00.50 «Тағдыр тартысы»
 13.00 Т/с «Между нами, Девочками»
 14.40 Т/с «Разия»
 15.00 «Жауынгер»
 15.30 «Бір туынды тарихы»
 16.00 «Ду-думан»
 17.00, 23.20 Т/х «Листопад»
 18.30 Т/х «Шашу»
 19.30 Қорытынды жаңалықтар
 20.00 «Дуллати» сериал
 20.45,01.45 «Народный контроль»
 21.00 Итоги дня
 01.15 «Ауырмайтын жол ізде» драмасы

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
 06.30 «Күлдірген»
 07.00,18.00, 01.20 «Үздік әзілдер»
 08.00 М/ф «Маша и медведь»
 09.50, 00.10 Т/х «Не ври мене»
 11.00Т/с «Брак по завещанию-2»
 13.25, 21.00 Т/с «Қара ниет»
 14.35 Т/х «Бір қап ақша»
 16.50 «Гүнештің қыздары»
 20.00, 02.30 Astana Times
 23.00 Т/х «Жаза»
 03.30 «Қазнет»
 04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.40 Т/х «Граница»
 06.40, 03.15 «Той заказ»
 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 «Мужское/Женское»
 12.00 «QALAYYM LIVE»
 15.45 «На самом деле»
 16.50 Т/с «Гончие-5»
 18.45 «Пусть говорят»
 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20.45, 22.50 Т/с «Реализация»
 22.00, 01.55, 03.50 «П@УТИНА»
 00.50 Н/к «Нюхач»

КТК

07.05, 02.20 «Той Beststar»
 07.20 «Дау-дамайсыз»
 07.50,01.30 Т/с «Мұңайма Нефисе»
 08.50, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
 09.50, «Юрмала» (Қайталау)
 12.40 «Страшная красавица» мелодрама
 14.50 «Отмена всех ограни-

Разработан и передан в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: «Строительство полигона ТБО г. Ушарал Алакольского района Алматинской области»
 7
 Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: 8 (7282) 24-32-68
 ТОО «ТалдыкорганГеодезияКварц».

Сейсенбі - Вторник, 24 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.15 «Көңіл толқыны»
 07.00 «TANSHOLPAN»
 10.00, 03.30 «Астарлы ақиқат»
 10.00, 18.10 Т/х «Шытынаған тағдыр»
 12.00, 00.45 «Ниет» ток-шоу
 14.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPAPAT
 14.10, 22.30 Т/х «Ғазиз жүрек»
 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
 16.00 «Жан жылуы»
 16.25, 03.20 «Нұр Тілеу».
 Сұхбат
 17.15, 23.25 «Қайырлы кеш қазақстан»
 20.35, 02.15 «Ашық алаң»
 03.40 «Жан жылуы»

ХАБАР

06.00 М/с «Клео»
 07.30 «Таңғы хабар»
 10.00, 22.30 «Қаламгер»
 10.45, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан»
 11.30 «Хабарлайн»
 12.00 Жаңалықтар
 12.30,00.50 «Тағдыр тартысы»
 13.00 Т/с «Между нами, Девочками»
 14.40 Т/с «Разия»
 15.00 «Қоғамдық талқылау»
 16.00 «Ду-думан»
 17.00, 23.20 Т/с «Листопад»
 18.30 Т/х «Шашу»
 19.30 Қорытынды жаңалықтар
 20.50 Премьера! Новый курс
 21.00 Итоги дня
 01.25 «Ауырмайтын жол ізде» драмасы

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
 06.30 «Күлдірген»
 07.00,18.00, 01.20 «Үздік әзілдер»
 08.00 М/ф «Маша и медведь»
 09.50, 00.10 Т/х «Не ври мене»
 11.00Т/с «Брак по завещанию»
 13.25, 21.00 Т/с «Қара ниет»
 15.50 «Күлпаштың хикаялары»
 16.50 «Гүнештің қыздары»
 20.00, 02.30 Astana Times
 23.00 Т/х «Жаза»
 03.30 «Қазнет»
 04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.40 Т/х «Граница»
 06.40, 03.15 «Той заказ»
 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 «Мужское/Женское»
 12.00 «QALAYYM LIVE»
 15.45 «На самом деле»
 16.50 Т/с «Гончие-5»
 18.45 «Пусть говорят»
 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20.45, 22.50 Т/с «Реализация»
 22.00, 01.55, 03.50 «П@УТИНА»

КТК

07.05, 02.20 «Той Beststar»
 07.50, 01.30 Т/х «Мұңайма Нефисе»
 08.50, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
 09.50, 23.50 «Жаңалықтар» (Қайталау)
 10.30, 21.40 «Морские дьяво-

Разработан и передан в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: «Строительство пристройки к зданию аппарата акима Кербулакского района Алматинской области»
 7
 Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: 8 (7282) 24-32-68
 ТОО «ТалдыкорганГеодезияКварц».

Сәрсенбі - Среда, 25 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.25 Әнұран
 06.05, 03.55 «Көңіл толқыны»
 06.30,14.00, 17.00, 20.00,00.15 Ақпарат
 07.00 «Таңшолпан»
 10.00,18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
 12.00 «Ниет» әлеуметтік ток-шоу
 14.10, 22.30 Т/х «Ғазиз жүрек»
 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
 16.00 Д/ф «Тұлға»
 16.35 «Сен де бір кірпіш дүниеге...»
 17.15, 23.25 «Қайырлы кеш, Қазақстан»
 20.35 «Ашық алаң» қоғамдық-саяси ток-шоу
 00.45 «Ниет» әлеуметтік ток-шоу
 02.15 «Ашық алаң» қоғамдық-саяси ток-шоу
 03.05 «Ақсауыт»
 03.30 «Бір күн»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
 06.00 М/с «Клео- забавный щенок»
 07.30 «Таңғы хабар»
 10.00 Т/х «Қаламгер»
 10.45 Т/х «Абдулхамид хан»
 11.30 «ХабарLine»
 12.00 Жаңалықтар.Новости
 12.30, 00.50 «Тағдыр тартысы» деректі драма
 13.00 Сериал «Отверженные»
 15.00 «Қарақатпен шай»
 16.00 «Ду-думан»
 17.00, 23.30 «Листопад» сериал
 18.30 Т/х «Шашу»
 19.30 Қорытынды жаңалықтар
 20.00 Телехикая «ЖЖЖ Корпоратив»
 20.45 «Біздің назарда»
 21.00 Итоги дня
 21.30 Специальный проект «Я- волонтер»
 01.25 «Ауырмайтын жол ізде» деректі драма

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
 06.30 «Күлдірген»
 07.00, 18.00, 01.20 «Үздік әзілдер»
 08.00 М/ф «Маша и медведь»
 09.50, 00.10 Сериал «Не ври мне»
 11.00 Сериал «Брак по завещанию-2»
 13.25, 21.00 Т/х «Қара ниет»
 15.50 «Күлпаштың хикаялары»
 16.50 Т/х «Гүнештің қыздары»
 20.00, 02.30 Astana times
 23.00 Т/х «Жаза»
 03.30 «КазНет» ғаламторға шолу
 04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Граница»
 06.45 «Той заказ»
 07.10 «Басты жаңалықтар»
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 «Мужское/Женское»
 12.00 «Қалаулым»
 15.45 «На самом деле»
 16.50 «Гончие-5»
 18.00 «Басты жаңалықтар»
 18.45 «Пусть говорят»
 20.00 Главные новости
 20.45 сериал «Один»
 22.00 «Паутина»
 22.50 «Один» продолжение
 00.50 Ночной кинотеатр.
 «Нюхач» новые серии
 01.55 «Паутина»
 02.40 Т/х «Граница»
 03.25 «Той заказ»
 03.50 «Паутина»

КТК

07.00 ӘНҰРАН
 07.05 «КТК Қоржынынан»
 07.20 Кешкі жаңалықтар қайталау
 07.50 «Мұңайма Нефисе»
 08.50 Т/х «Жат туыстар»
 09.50 Новости повтор
 10.30 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
 12.45 «По праву любви» мелодрама
 17.00 Т/х «Жат туыстар»
 18.00 Т/х «Қара теңіз»
 19.30 Кешкі жаңалықтар
 20.00 «Астарлы ақиқат»
 21.00 Вечерние новости
 21.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
 23.50 «По праву любви» мелодрама
 01.30 «Мұңайма Нефисе»
 02.20 «Той Beststar»
 03.30 «Астарлы ақиқат»
 04.15-05.00 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
 09.00 Жаңалықтар
 09.30 Новости
 10.00 «Экорейд»
 10.30 «Диалог»
 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 64-бөлім
 12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
 13.00 «Шашу»
 14.00 «Жетісу зертханасы»
 14.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
 15.00 «Әсем әуен»
 16.00 «Жүрек сөзі»
 16.30 «Ауылдағы ағайын»
 17.00 Жаңалықтар
 17.20 Новости
 17.35 «Ем болсын»
 18.00 «Шашу»
 19.00 «Ұлт пен рух»
 19.30 «Жетісу жұмбақтары»
 20.00 «Қателік»
 20.30 Жаңалықтар
 21.00 «Арнайы репортаж»
 21.30 Новости
 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 65-бөлім
 23.00 Жаңалықтар
 23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.58 ӘНҰРАН
 06.00 «Ризамын»
 07.00 Информбюро (қайталау)
 08.00 Әзілдер жинағы
 09.20 М/ф «Снежная Королева»
 11.00, 21.15 Сериал «Иффет»
 12.30 Сериал «Фазилет ханым»
 13.30 «Тылсым әлем»
 14.45 «Экстрасенсы детективы»
 16.00 Сериал «Интерны»
 18.00 Сериал «Ивановы-Ивановы»
 20.00 Информбюро
 22.45 Сериал «Жанкешті ханымдар»
 01.10 Сериал «Мехектің өмірі»
 01.50 Сериал «Адасқан ғұмыр»
 02.30Х/ф «Омерзительная восьмерка»
 05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
 06.40,22.05 «Азулылар әулеті»
 7.40 , 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
 08.50 М/с «Монкарт»
 09.25, 23.45 Сериал «Ложь во спасение»
 10.40,00.50 «Смеяться разрешается»
 12.30, 19.20 Сериал «Вольная грамота»
 13.40,18.15 Сериал «Балабол-2»
 15.00,21.05 Т/х «Бастық боламын»
 16.00,03.00 Т/х «Жаңа келін»
 20.20 Сериал «ИП Пирогова»
 21.00 Лотерея 777
 23.05 Т/х «Бұлбұл»
 04.45 «Жеңіп көр»

ӘДЕБИ КЕШ

ЖЫРЛАРЫҢДА ЗАМАҢ ШЫНДЫҒЫ БАР

Талдықорған қаласы, Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты «Құрмет» орденінің иегері Зайда Елғондинованың «Мен Тәңір сүйген ақынмын» атты әдеби-лирикалық кеші өтті.



Сонымен қатар жыр кешінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама бас-қармасының басшысы Мәріле Келбаев облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы сый-сияпатын табыс етті. Мұнымен қоса Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, Алматы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлсара Исағұлова, Көксу ауданы әкімінің орынбасары Ұлан Досымбеков сөз алып, жылы лебіздерін жеткізді. Көксу ауданы әкімінің орынбасары Ұлан Әлдібекұлы аудан басшысының Құттықатай хаты мен сый-сияпатын табыс етсе, ақын Бауыржан Өміржанұлы «Тәуелсіздік» өлеңін оқып, көрерменді рухтандырып, бір серпіліп тастады. Сондай-ақ, Көксу ауданының тумасы, ақын Зайда Елғондинованы құттықтап Тараз қаласынан келген телевизия саласындағы құрбылары, Түркістан қаласынан арнайы келген қонақтар да жылы лебіздерін жаудырды. Кеште ақынның сөзіне жазылған өсем ән де шырқалды. Әдемі кешке жиналған көрермен қауым ақын поэзиясының адалдығын, тылсымын жасырған дариядай тереңдігін, таңғы шықтай мөлдірлігін жүректерімен сезіне білді. Әйел затына тән ибалылық, жігерлік, айнымас сүйіспеншілік – ақын өлеңдерінің өзегі. Зайда апайымыз сынды ақын қыздарымыз тұрғанда, нәзік жүрек қылын қозғайтын поэзия қашанда өміршең болмақ...

**Майра БАЙБОЛАНОВА,
Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
КӨКСУ АУДАНЫ**

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

ЕЛБАСЫМЫЗ Н.НАЗАРБАЕВ «ДАМЫҒАН, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ БОЛУ ҮШІН, БІЗ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ҰЛТ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК» ДЕЙ КЕЛЕ, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУДЫ ТАЛАП ЕТІП ОТЫР. К.УШИНСКИЙ: «МҰҒАЛІМ - ӨЗІНІҢ БІЛІМІН ҮЗДІКСІЗ КӨТЕРІП ОТЫРҒАНДА ҒАНА МҰҒАЛІМ, АЛ ОҚУДЫ, ІЗДЕНУДІ ТОҚТАТҚАНДА, ОНЫҢ МҰҒАЛІМДІГІ ДЕ ЖОЙЫЛАДЫ», - ДЕГЕН ЕКЕН.

Білімді ұрпақ - болашақтың кеніші

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да мектеп қабырғасынан білім алып, ұстаздан тәрбие алғандар. Қоғамның дамуына байланысты білім саласы күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда барлық мектеп жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Заманына қарай амалы демекші, бұрынғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кеніші», - деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас бұйынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты

ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған. Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ.

XXI ғасыр жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастырады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді жетік меңгеру болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Сондай-ақ, бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған.

Қорыта айтқанда, жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Мемлекетіміздің білім беру үдерісін енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

**Баян ЖАНАБАЕВА,
№7 орта мектептің
қазақ тілі мән әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖӘДІГЕРЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығы «Елбасы туған жерде» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырып, құтты қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Айтулы мейрамның құрметіне орай, орталыққа ауданның зиялы қауым өкілдері, басқа да белгілі азаматтар мен мәртебелі меймандар шақырылды. Олардың бірақатары «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, өнерпаз жандардың концерттік бағдарламасына куә болды.

Басқосуда аталмыш орталықтың директоры Адия Берікқызы мәдени ошақтың екі жылдық есебін баяндап, маңызды ақпараттан құлағдар етті. – *Биыл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Шамалған ауылы тұрғындарымен кездесуі «Атамекен» орталығында өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтопы Райымқұлова арнайы іссапармен келді. Жалпы, орталық ашылғалы бері 28 мыңнан астам көрермен келіп, жан сарайын кеңітіп қайтты. Орталықтың қорындағы жәдігерлер саны күннен-күнге көбеюде. Биыл жәдігер жинаушы Әуесхан Мажайқызы халқымыздың 5 ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін, бір әулеттің мұрасы саналатын бір топ жәдігерді көмекші қорға тегін тапсырып отыр,* – деді ол.

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған шараның жалғасы тағылымы мол «Көнергенмен өзі, көненің көзі» атты көрмемен жалғасты. Шара аясында көлөнерші, жәдігер жинауға жаны құмар Әуесхан Мажайқызының тың дүниелері қонақтар қауымына таныстырылды. Жетпіс жастың жетегіндегі әжейдің V



ғасырлық тарихы бар мұраларының қай-қайсысы болмасын өткеннен сыр шертетін және қасиетін жоғалтпаған құнды дүниелер екені көрініп-ақ тұрды.

Ол жәдігерлердің арасында көненің көзі болған Қызыл қалпақ пен шылауыш, осыдан үш жүз жылдың алдындағы аталарымыз тұтынған тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, бүгінгі күннің болашақта жәдігерге айналар асыл қазыналары толып тұр. Айта берсек, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқақ, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, қазақтың қара сабыны, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдардың түр-түрі көз сүріндіреді. Олардың қатарында тарихта аты қалған Қызыл қалпақ, Солтангелді бидің күмістелген ер тоқымы, Ұлтарақ батырдың кісесі, Жансарбай емшінің емдеу құралдары, Омарақын зәңгінің белбеуі, бір ғасырдан астам тарихы бар мұйық, XIX ғасырда Ресейде жасалған самаурын өте бір ұқыптылықпен сақталған. Ал ерте-тоқым, жүген, ноқта, құйысқан, өмілдірік, қамшы, кісен секілді ат әбзелдерінің өзі бір төбе. Төрт,

алты, сегіз, он екі өріммен өріліп, күміс жалатылып, түрлі асыл тастардан көз салынып, безендірілген ат әбзелдері мен айыл-тұрманның шебердің қолынан шыққан сирек кездесетін өнер туындысы екендігі бесенеден белгілі. Бүркіт ұстайтын тор, жемсау, қолғап, тұғыр, сияқты аңшылыққа пайдаланатын құрал-саймандар да бүгінгі ұрпаққа таңсық дүниелер. Емшілікте қолданылатын қорғасын, кепіреш, дәрілік шөптерді үгітетін кішкентай келі, денедегі арам қанды тазалауға арналатын лоңқа, сиырдың мүйізінен оюлап жасалған бүлдіргі ата-бабаларымыздың халықтық медицинаны хал-қадірінше өркендеткенін аңғартады.

Шара аясында Әуесхан апа қазақтың көлөнер шеберлігін паш ететін дүниелерді де қоса көрсетіп, жастарға ата-бабаларымыздың құны тозбас өнері мен өміршең тіршілік тынысын таныстырды.

**Бұлбұл НҮРБЕКОВА,
«Атамекен» тарихи-мәдени орталығының бас қор сақтаушысы.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ**

Әңгіме

Маң-маң басқан түйенің қос өркешіндей тау арасынан таң алакеуімде сығырайған күн шапағы сайын даланың ұйқысынан оята бастады. Құмырсқа атаулы тықырын білдірместен илеуінен шығып, еңбек майданына аттанды. Найза бойы көтерілгенде алтын шапақтың қуатты сәулесі сайын далада сағым ойнатты. Өрекіген ыстық желдің ызыңы бұйрат құмдар мен бетегелі даланың үстінде әндетіп тұрып алды.

Бір кездері апортымен аты аңызға айналған зәулім шаһар мен талдан қорған қаланған қала бағытында көліктер ерсілі-қарсылы жүйіткіді. Алып мегаполистегі арадай құжынаған адамдардың қарекетін көресің. Уақыт озған сайын кісімсігендер арасындағы мейірімділік бұлағы суала бастағандай; базардың әр тұсынан бір-бірін кеукеулеген, бірі ащы айғайға басып жол сұраған арбакештерді көзің шалады.

Есбол ескілеу көлігімен жерұйық мекеннен өзге қалаларға жиі қатынайды. Тұрлаусыз күйбең тірліктің қамымен та-



ҚАРАҚАҚҰРТ

сып, нәпақасын айырады. Құрқылтайдың ұясындай үйдегі жандар - ерінің қасқабағына қараған әйелі мен балалықтың бақытты бағынан басын өмір базарына шығара қоймаған балақайлар. Тұлымшағы желбіреген үш қызының болашағына алаңдайды. Қылықтары балдан тәтті. Кішкентай қос өрімді бұрымдылар әкелері жұмыстан шаршап келгенде мойындарына асылып, «Өке, бізге сөйлейтін қуыршақ әкеп берші!» деп қыңқылдайды-ай келіп. Мұндайда Әйтен шешесі: «Әкелеріңнің мазасын алмандар! Қуыршақтарың бар ғой, одан да әдемі көйлек алайық» деп тып тастайды. Әйелі азға шүкірлік қылған жан, ысырапқа жол берген жері жоқ. Өзі үнемшіл еді, елдің тұрмысы нашарлай бастаған кезде әр тиынды орнымен жұмсауды үйренді. Кейде қыздарына жаңа киім әперіп, қуантып қойғанды ұнатады. Әйтеуір, қатарынан қалмаса екен дейді.

Талдықорғанның шетінде жаңадан салынған мөлтек аудандағы көпқабатты үйдің біріне жуықта көшіп келген. Көзін ашқалы әке-шешесі, кейін өзі де пәтер жалдап көшпенділер секілді ғұмыр кешті. Жылдар бойы жылғадан аққан суды қос қолдап көшетке құйғандай, тамтұмдап жиғанына несиеге екі бөлмелі пәтер бұйырды. Есболдың бала кездегі арманы ұстаз болу еді. Мұғалім атанып, топқаны отбасын асырауға жетпеген соң қалды бір сілтеп, таксист болып шыға келді. Күндіз-түні құмырсқадай тыным көрмейді. Бірер күн үйде ауырып жатып қалса, тіршіліктің суық қолы тамағынан ала бастайды...

Таңсәріде Алматыға адам жеткізген соң көлік ішінде бір жарым сағаттай дамылып, көз шырымын алды. Есбол несие төлеуге үш күн қалғанын ойлағанда еңсесі езіле түсіп, ұйқысы шайдай ашылып кете берді. Тіз қатарынан тізілген

көліктердің иелері кезектесіп адам жинап, байыз таппайды-ау! Таңғы асына бірер самса мен қою күрең шайды қанағат тұтты. Қарын тойдырып ас ішуге ақшасын қимады. Мардымды жұмыс таппай, ар-намысты белге буып, адам тасығандардың қарасы көп екен. Кезекке тұрса, кешке дейін көлігін қаңтарып қоймақ. Уақыт шіркін зымырап өтіп бара жатқанын несие ұмыттырмайды-ау! Қаланың шыға берісіне тоқтап, «Талдықорған» деп жазылған тақтайшасын сермей берді. Бір кезде жанына орта бойлы, еңгезердей денелі, жасы елуді еңсерген, шіқан бетті, көзінің аласы көп, түкті қасты біреу жетіп келді.

- Такси...

- Иә, такси. Талдықорғанға барамыз...

- Салонды түгел аламын, жолдан ешкімді отырғызбайсың, - деп гүлдеді әлгі жолаушы. Есбол болады дегендей, басын изеді. «Жақсы болды, адам жинап тұрмайтын болдым».

- Ақшасын төлесеңіз, үйіңізге дейін апарамын, - деді іздеген адамы табыла кеткеніне қуанып.

- Жүгім бар.

Таксист жүксалғышты ашты. Еңгезердей адамның жанында сырты әдемі қырық шақты қорап тұр екен. Әлгі адам бар жүкті кірпіштей қалап, сыйғызып жіберді. «Аяқ киім сататын саудагер ме?» деп ойлады таксист.

- Жол ақысын қазір төлесеңіз, жанармай құю керек, - деді ол. Артқы орындыққа жайғасқан жолаушы жанқалтасынан портмонесін алып, екі онмың теңгелікті суырып, шопырдың жанындағы орындыққа тастай салды.

- Қалғаны өзіңде қалсын!

«Жомарт жан екен, - деп ойлады Есбол, - Несі бар, қайта маған жақсы. Несиемді тезірек жабамын».

Сағат онға тақап қалғанда кептелістен босаған «Ауди» көлігі алма иісі аңқыған қаладан ытқып шықты. Таксист жолды

қысқартпақ болып:

- Қай жақтан келесіз? - деп сауал қойып еді, шойын қара тіл қатпады. «Шаршап келе жатқан шығар, мазаламай-ақ қояйын» деді іштей. Өзі де маужырап келе жатқан соң сөйлесуге құлықты болмады.

Күннің ыстығы мол жазға сыймай тұр. Жеңіл көлік жылдам жүйіткіген сайын әйнектің сызғыш еніндей саңылаудан ішке қапырық жалын ұрады. Жетпіс шақырымды еңсеріп тастағанда Қапшағай қаласы көрінді.

- Осы жерден тоқташы, - деді гүлдеген дауыс. Желмен жарысқан жүрдек көлік мәре сызығын кесіп өткен тұлпардай арынын бәсеңдетіп, кілт тоқтады. Жолаушы көліктен түсті де, жүк салғышты ашып, бірнеше қораптың ауыздағы скотчты кеңсе пышағымен тіліп, жолдың жиегіндегі сайға домалатып жіберіп, қайта отырды.

- Кеттік! - деді бұйыра сөйлеп. Есбол ерсілі-қарсылы жүйіткіген көліктердің дауысынан жолаушының жүк салғышты ашқанын да аңдамай қалды. Ол қарсы алдындағы айнаға қарады. Әлгі еңгезердей адам міз бақпаған күйі сұңғыла жанарымен айнаға тесіле қарап қалыпты.

Көкшіл түсті көлік қайта қозғалып кетті. Қапшағай қаласы шетіндегі көзді арбаған ойынханалардың ортасымен зулап, зымырап келеді. Есболдың ұйқысы келді. Кеше күні бойы қаланы түгел шарлап, адам тасып, өбден шаршады. Ақшам жамырағанда таксистердің қарасы азайып, бір үйдің төрт адамы «Алматыға жеткізіп тастасаңыз» деп өтінген соң тынығып алмастан рөлге қайта отырған. Міне, екі көзіне ұйқы тығылып, тынымсыз есінеп келеді. Ұйқыны ашады деп алған энергетикалық сусынды ішіп еді, тыңайып қалғандай болды. Осы құрғыр сусындар бүйректі отырғызып тастайды дегенді сан мәрте естіген, бірақ көлік айдап келе жатып ұйықтап кетпес үшін

амалсыз алады.

Жаздың ми қайнатар аптабы сайын далада асыр салып, құрақ біткенді дірілдетіп, сары түске бояй түскен. Су мол шалғындық маңында шырылдауық шегірткелердің әні естілмейді. Аспанда бір шөкім бұлт болсайшы. Жол бойында кепкен балық, қауын-қарбыз сатқан саудагерлер ұшырасты.

Бейтаныс жолаушының телефоны безілдеп қоя берді. Бұл кезде Кербұлақ ауданына жақындап қалған.

- Көлікті тоқтатшы! - бейтаныс жолаушы тағы гүж ете қалды. Жүз жиырма шақырымдық жылдамдықпен келе жатқан жеңіл көлік шиқылдап барып, жолдың жиегіне жер бауырлап тоқтады. Жолаушы көліктен түскен бойда жүксалғышты ашып, бірнеше қорапты көтеріп, терең сайға түсіп кетті. Ол қораптарды бірінен соң бірін ашып, төменге лақтыра берді. Беті ашылған қораптардан құжынап, қыбырлап шыққан жүздеген қарақұрт жан-жаққа бытырай жөнелді. Қармауыш аяқтарымен белгісіз өлкенің тасы мен топырағын алғаш басып, жайқала өскен шөптердің ішіне індете еніп кетті.

Есбол үлкен кісілердің қуығы ұзақ жолға шыдамайды дегенді естіген, беймаза жолаушының көлікті тоқтатқанына ренжіген жоқ. Дәрет сындыруға кеткен кісінің соңынан қарауға дәті бармады. Қарама-қарсы жолда алдынан шығып жүйіткіген шетелдік қымбат «Джип» көліктерге тамсана қарап: «Біз қашан осындай көлік мінер екенбіз?» деп қиялдап қойды. Көліктің есігі ашылып, жолаушы артқы орындыққа жайғасқан соң кідірмей жүріп кетті.

Алапат ыстық пәрменін көрсетті. Көкте қалықтаған құс көрінбеді. Жазғы қапырық кабина ішіндегі тымырсық ауаны тарылтып жіберген. Таксист ауа баптағышты қосайын деп еді, бензинді үнемдемек болып, ол ойынан айнып қалды. Есесіне көліктің терезесін молынан ашты. Көңілсіздікті сөйлткісі келіп «Шалқарды» қосып қойды. Радиодан

РОДСТВО

Правильность отнесения указанных родственников к близким подтверждается, в частности, общим правилом, запрещающим этим родственниками вступать в брак между собою.

Родство по линии отца и по линии матери считается установленным, когда о них в актовой записи о рождении ребенка указаны требуемые сведения. Участниками семейных правоотношений являются не все родственники. Ими могут быть по прямой линии – родители и дети, дед (бабушка) и внуки, а по боковой – только родные братья и сестры.

Родственные отношения за пределами названных кровных связей семейным правом не регулируются,

например, между прадедом (прабабушкой) и правнуками, двоюродными братьями и сестрами и т.д. Объем прав близких родственников не совпадает. Родители и дети имеют различные права и обязанности – неимущественные и имущественные; другие же близкие родственники могут быть, как правило, связаны лишь алиментом обязательством. Исключение составляют те случаи, когда вследствие смерти родителей, невозможности для них осуществлять свои права или лишения родительских прав воспитателем ребенка становится кто-либо из близких родственников (с назначением его опекуном или попечителем) Тогда наряду с обязательством по предо-

РОДСТВО – БИОЛОГИЧЕСКОЕ ПОНЯТИЕ, ЕСЛИ РАССМАТРИВАТЬ ЕГО КАК ЕСТЕСТВЕННОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ ЧЕЛОВЕКА, КАК КРОВНУЮ СВЯЗЬ. В ПРАВЕ ЮРИДИЧЕСКИМ ФАКТОМ ЯВЛЯЕТСЯ ЛИШЬ БЛИЗКОЕ РОДСТВО И ПРИТОМ УСТАНОВЛЕННОЕ В ПОРЯДКЕ, ПРЕДУСМОТРЕННОМ СЕМЕЙНЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ. БЛИЗКИМИ РОДСТВЕННИКАМИ СЧИТАЮТСЯ РОДСТВЕННИКИ ПО ПРЯМОЙ ЛИНИИ ПЕРВОЙ И ВТОРОЙ СТЕПЕНИ – РОДИТЕЛИ, ДЕТИ, ДЕД И БАБУШКА, ВНУКИ, А ПО БОКОВОЙ – РОДНЫЕ БРАТЬЯ И СЕСТРЫ. РОДСТВО ЕСТЬ КРОВНАЯ СВЯЗЬ ЛИЦ, ПРОИСХОДЯЩИХ ОДНО ОТ ДРУГОГО ИЛИ ОТ ОБЩЕГО ПРЕДКА. ПРОИСХОДЯЩИМИ ОДИН ОТ ДРУГОГО СЧИТАЮТСЯ ПРЕДКИ И ИХ ПОТОМКИ МУЖСКОГО И ЖЕНСКОГО ПОЛА, НАПРИМЕР ПРАДЕД, ДЕД, МАТЬ, СЫН, ВНУКИ, ПРАВНУКИ И Т.Д. ПРОИСХОДЯЩИМИ ОТ ОБЩЕГО ПРЕДКА СЧИТАЮТСЯ РОДНЫЕ И ДВОЮРОДНЫЕ БРАТЬЯ И СЕСТРЫ, ДЯДИ (ТЕТИ) И ПЛЕМЯННИКИ (ПЛЕМЯННИЦЫ) И Т.Д.

ставлению содержания (или без последнего) между воспитателем и воспитуемым возникают имущественные правоотношения.

Степень близости родства учитывается законом при установлении очередности привлечения родственников к выполнению обязанностей по содержанию детей.

Так, родители несут эту обязанность в первую очередь, тогда как дед и бабушка, братья и сестры – во

вторую при условии, что алименты нельзя получить с родителей. Усыновители и усыновленные не являются кровными родственниками. Но так как усыновители призваны заменить родителей, то усыновление по своим юридическим последствиям в целом приравнено к кровному происхождению. Это выражается и в том, что между усыновленным и родственниками усыновителя также устанавливаются правоотношения. Родству,

как и браку, придается значение юридических фактов и в других отраслях права (гражданского, трудового, гражданского-процессуального, уголовно-процессуального и др.) в связи с этим важно в необходимых случаях подтверждать наличие брака и родства.

Жумаш АКБЕРГЕНОВ,
судья Алакольского районного суда.

ПО ВЫЗОВУ СУДА

Так как в Республике Казахстан не все люди знают свои законные права, более половины населения юридически беззащитны и не представляют, что такое исковое заявление и какие последствия могут наступить в случае удовлетворения требований истца. Возникает масса вопросов, в том числе, возможно ли защищать себя самостоятельно или обратиться за помощью к третьим лицам в лице адвокатов?

Порой физическому лицу достаточно знать элементарные действия.

Так, если по почте, либо мобильной связи поступает извещение о явке в суд, необходимо выяснить причину вызова вместо того, чтобы остаться дома и игнорировать приглашение в суд. Извещение носит доверительно подробную информацию о том, в качестве кого лицо вызывается в суд, с указанием фамилии судьи, секретаря, номера телефона и кабинета.

Гражданским процессуальным законодательством закреплено право в ознакомлении с материалами дела. При наличии на руках искового заявления можно узнать основания предъявления исковых требований, имя истца и дату судебного слушания. Понимая суть иска, можно делать выводы и оценивать степень риска ответчика. На первоначальном этапе производства уже возможно определить, нужен ли защитник. Заметим, что исковое заявление является основным документом, на основании которого принимается судом дело к производству. Если исковое заявление пришло по почте и ответчик может узнать из него нужную ин-

формацию – это положительный момент, но часты ситуации, когда ответчику приходит только повестка в суд и знакомиться с материалами дела нужно самостоятельно.

Процессуальный срок – это отрезок времени, который предусмотрен законом для назначен судьями, в течение которого должно или может быть совершено процессуальное действие. Процессуальные сроки в гражданском процессе очень важны, так как их несоблюдение делает невозможным судебное разбирательство.

Надлежащее извещение ответчика, не явившегося в суд, является основанием для рассмотрения гражданского дела в заочном порядке с учетом доказательств, представленных истцом.

Поэтом, учитывая, что для рассмотрения определенных категорий гражданских дел для суда установлены сроки, в целях реализации защиты своих прав, гражданам необходимо своевременно реагировать на вызов суда в целях правильного разрешения дела.

Айнаш АМИРБАЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОДГОТОВКИ ГРАЖДАНСКИХ ДЕЛ

Эффективность судебного разбирательства гражданских дел зависит от тщательности и компетентности их предварительной подготовки. В судебном заседании так или иначе функционирует та модель исследуемого события, которая формируется при подготовке дела к судебному разбирательству.

Познавательная-проблемная ситуация возникает для судьи при первоначальном знакомстве с исковым заявлением и прилагаемыми к нему материалами. При последующем опросе ответчика судья формирует вероятностную модель исследуемого события. Однако задача судьи не только уяснить существо дела для себя, но найти возможность удостоверения соответствующих фактов при судебном разбирательстве. Иначе говоря, судья решает не только познавательную-поисковую задачу, но и задачу удостоверения получаемых сведений. Он учитывает обстоятельства не только правового, но и неправового характера – анализирует особенности поведения сторон, личностные особенности участников процесса.

Судья получает возможность прогнозировать поведение сторон при судебном разбирательстве дела, характер их активности, честность, искренность и правдивость. Стремясь предупредить отдельные негативные проявления поведения, судья заблаговременно создает фонд соответствующей информации, проигрывая в уме наиболее вероятностный ход судебного разбирательства данного дела.

В любом случае знания судьи по делу всегда шире, чем процессуально зафиксированные материалы. Однако эта информационная избыточность несет в себе и определенную опасность – она может препятствовать объективному рассмотрению дела. Поэтому первостепенное значение имеет сосредоточение внимания судьи на полноте, относимости и допустимости доказательств (точнее – тех материалов,

которые в судебном разбирательстве могут стать доказательствами).

Уже в процессе подготовки дела к судебному разбирательству судья определяет силу и достоверность возможных доказательств, необходимость назначения экспертизы, определяет достаточность доказательств для решения дела. Наряду с этим судья должен учитывать и возможность возникновения новых доказательств в судебном заседании и опровержения ранее представленных материалов. На стадии подготовки дел к судебному разбирательству судья должен установить:

- круг фактов, которые подлежат установлению;
- круг подлежащих исследованию доказательств;
- лиц, которых необходимо или целесообразно привлечь к участию в процессе.

Существенная сторона подготовки дела к судебному разбирательству – установление судье коммуникативного контакта с проходящими по делу лицами, привлечение их к конструктивному сотрудничеству, уяснение характера возникших межличностных конфликтов, позиций сторон, характерных для отдельных лиц психологических барьеров. В процессе общения с этими лицами судья выявляет особенности их поведения, формирует тактику взаимодействия с ними.

В качестве процессуальных действий закон предусматривает опрос истца и ответчика, однако сам процесс опроса закон не регламентирует. Опрос проводится с целью получения судье необходимой для разрешения дела информации. Исходная база для формулировки вопросов судьи – исковое заявление и прилагаемые к нему материалы.

Маржан САДУАКАСОВА,
судья СМЭС Адматинской области.

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ ВЕДЕТСЯ НЕПРЕРЫВНО

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства.

В связи с этим новая Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы.

Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Ключевыми направлениями противодействия коррупции, определенными Стратегией, являются:

- противодействие коррупции в сфере государственной службы;
- внедрение института общественного контроля;
- противодействие коррупции в квазигосударственном и частном секторе;
- предупреждение коррупции в правоохранительных и судебных органах;
- формирование уровня антикоррупционной культуры;
- развитие международного сотрудничества по вопросам противодействия коррупции.

В рамках данных направлений будут разработаны и приняты новые законы «О противодействии коррупции», «Об общественном контроле», «О доступе к публичной информации», которые позволят пересмотреть понятие «коррупция» и провести четкое разграничение между коррупционными правонарушениями, создать и внедрить систему государственного контроля в жизнедеятельности государства, обеспечить свободный доступ граждан к публичной информации.

Асель КУТТЫБАЕВА,
ведущий специалист
Текелійского городского суда.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ

Основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливаются равные права мужчин и женщин, что гарантировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достигаются сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье. Однако законодательного оформления принципов равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участии в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение уважительное отношение к женщинам противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитии института семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. Особо следует отметить, что одним из важнейших принципов социальной политики до 2050 года в соответствии с Посланием Президента РК – Лидера нации народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» является защита материнства. Исторически у нашего народа сложилось уважительное отношение к женщине. Придерживаясь наставлений Президента страны об активном вовлечении женщин в государственное и общественное управление, особенно на местном уровне в регионах, в Казахстане сформировалась собственная модель гендерной политики, основанная на учете национальных особенностей и международного опыта. Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институционального развития, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политики по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическая трансформация нашего общества требует от государства формирования политике, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Устойчивое развитие страны неотъемлемо связано с гендерной политикой. Эти две важнейшие социальные стратегии современного мира следует понимать в едином социокультурном контексте. Достижение равенства мужчин и женщин во всех сферах жизнедеятельности общества приобретает особую значимость и становится условием и предпосылкой устойчивого развития государства.

Абзал ШАКУАЛ,
судья Алакольского районного суда.

ӨЛЕҢ-ӨМІР

Қияметі сол, қоғамдағы бар құбылысты, мұң мен шерді, қуаныш пен шаттықты, селдеген сезімді, табиғаттағы тартылысты өз басыңнан өткересің. Шабыт дейтін найзағай, жарқылдағанда кеудең күндей күркіреді. Күйінесің, сүйінесің. Бүгінгі қоғамда не көп ақын көп. Қазір екінің бірі ақын болды. Тіпті құшнаштай қаптап жүр. Сол тобырлардың біразы қияли ақындар. Қара өлеңнің қалыбын бұзып, аспан-көкте қалықтаса, енді біреулері «Мен Абайдан асып тудым» - деп жүр. Қолыма Салтанат Құрмарханұлының «Қанат Қаққанда» атты жыр жинағы түсті. Алматы облысы әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен шыққан жас ақынның өлеңдері өміршеңдігімен құнды. Сезімін селт еткізген аруды



ҚАНАТ

Қаққан

САЛТАНАТ

құлай сүйіп, келбетінен көз аламай, ынтыққан ақынның, жүрегін жаулаған сұлумен тілдескенде алып-ұшқан көңілі су сепкендей басылады. Басты кінәрет, жүрегін шу асаудай тулатқан қаракөздің ана тілінен мүлде мақұрым болғаны:

*Іңкәр болғам бір көрмесем
тұрмайтын,
Перизат деп екі айналып тумайтын.
Көңілім де алағызып сен үшін,
Жүрегім де тек өзің деп тулайтын.*

*Содан болар келбетіңе нұрланған,
Көкірегімді оят алмай уланған.
Ойлап едім қазағымның болмысын,
Көрем ғой деп сенің әсем тұлғаңнан.*

*Бірақ бәрі өкінішті тоқтады,
Сөнді бітті жүрегімнің шоқтары.
Ал өйткені мына менің тілімнің,
Орысшаға бұрылуға жоқ хәлі.*

*Ал қазақша түсінбесең шарам жоқ,
Кеудемде жыр бұлқынады,
санамда от.
Неге керек екеуіміз де қазақ боп,
Сөйлеспесек, бір ұлттағы адам боп.
Міне, бұл, ұлттық трагедия. Тәні,
жаны, тұла бойындағы қаны қазақ бола
тұра өліп-өшіп, ғашық болған аруы ана
тілден ада болғанда телегей теңіздей
толқыған сезімнің айнасы быт-шыт
болады. Ойы орнықты, тілі көркем,
қара өлеңнің қаймағын қалқып алуда
Салтанаттың өзіне тән шеберлігі бар.
Батыр болуды балаңа үйрет деп үндейді
«бабаларым» атты өлеңінде. Аттың
жалында, түйенің қомында жүріп, күндіз
күлкі, түнде тізесін бүкпеген, тоқымдай
жерді қастерлеген, Отан үшін отқа
түсіп, білектің күші, найзанның үшімен
ел қорғаған бабаларды мадақтауыда
өзінше бір әлем.*

*Бабаларым рахмет саған мың,
Рухы биік тамырыңнан нәр алдым.
Ел-жер үшін жалындаған жауыңа,
Төбесінен найзағай боп қадалдың.*

*Отан- дедің ұлы ордаңды ұлықтап,
Жүрсен дағы су орнына у ұрттап.
Ұрпақтарың ел-жер үшін қан көш-
кен,*

*Ерлігіңді мүмкін емес ұмытпақ,
- деп бабалар ерлігін ұлықтайды.
Ақында пенделіктен ада емес. Аңсап,
сусаған жанның түсінде мойына
оралған ақ білегі жан-тәнін ертіп, жалы-*

нымен өртеп, моншақ терге түсіргенін
«Оңбаған» атты жырында былай
суреттейді.

*Оралып аппақ білегің келіп
мойныма,
Еркелей келіп кірдің де кеттің
қойныма.
Әдемі ғажап сезімге балқып
бой мына,
Тәп-тәтті қиял арпалыстыруда
ойды да.*

*Құшағы жалын, денесі жұмсақ
қандай жан,
Иісі жұпар, балы төгілген таңдайдан.
Арып таласып аласұрдық па қан
майдан,
Домалап жатыр күміс терлерің
маңдайдан.*

*Ғаламат ыстық, сезім мен бойды
торлаған,
Құшағыма от боп сен бе едің жаным
ораған.
Өзің боп келіп өкпемді месіп,
сорлаған,*

*Ояна қалсам түсім екен ғой оңбаған.
Махаббат машақатын әспеттеуде
өзіндік стилі бар жас ақынның
сезімге толы қай жырын оқысаңыз да
оқырманды бей-жай қалдырмайды.
Жастыққа тән жалын от Салтанаттың
жырларында көбірек көрініс тапқан.
Оны «Кім біледі», «Сұлусың қандай»,
«Бақыт боп кімге жаралдың», «Әдемі
қыз» атты өлеңдерінен байқауға бола-
ды. Кермедегі ақтанкердей аласұрған
жас ақын жыр жазбай әрі-сәрі күй кеш-
кенде, тылсымнан келетін шабыт құсын
аласұрып іздейді. Беймезгіл мазалай-
тын шабытты аңсап, шағаладай шарқ
ұрады.*

*«Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузыңда болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл- тоғыспас жолдар төрабын» -
деп поэзия қыраны Төлеген Айбергенов жырлағандай,
ақындық ғұмыр кешу де бір қиямет.*

*Арманым болып әрдайым жебеп
басымдай,
Шабытым қайда тұратын толқып,
басылмай.
Жүректі жұлқып, шабытым қайда
жарқ етіп,
Көңілдің көгін осқылап өтер
жасындай.*

*Қуанышқа бойым сәттерде кейде
малынған,*

*Қаншада еді дәл қазіргі жасыңыз,
Ашу дұшпан өзіңізді басыңыз.
Апа десем сыйлағаным құрметтеп,
Оған бола аласармас басыңыз.*

*Деп айтып ем атулана қарады,
Білем ашу бойын кернеп барады.
Қыздың жасын сұрамайды деді де,
Қысқа шашын артқа қарай тарады.*

Бұл қазіргі қоғамдағы адамдар-дың
кескін келбеті. Таусылмайтын тау-
қыметтің базардағы ананың уақыт
безенін қашып құтыла алмағанын ақын
жырмен айғақтайды.

Жасты да, жасамысты да бүгінгі
қоғамдағы жасандылық қажытты. Ай-
ласы асқандар «қуды мініп, құланды
құрықтап жүргенін, тіпті түр-түсін, жүріс-
тұрысын өзгерткен жұмыр бастынының
қадамын қалт жібермеген ақынның

*Қайғының бұлтын кезімде кейде
жамылған.
Сәтімде кейде жолымнан жазып,
жаңылған,
Іздеймін сені, құдіреті күшті
шабытым,
Кетпеші бір сәт, кетпеші менің
жанымнан.*

Ақынға жырдан ауыр азап, жыр-
дан асқан бақыт жоқ. Өлеңмен өмірді
өрнектеп, қоғамдағы құбылысты қалт
жібермей, тылсым табиғатпен тілдесу,
тіршілікті тіліне тиек етуде ақынға сын.
Заман өзгерген жоқ, адам өзгерді.
Адамзаттың жүйкесі су көтермейтін
дәуір келді. Атом мен техниканың
дәуірінде жұтқан ауа, ішкен суда у
ғой. Соның бірі Егделігін мойында-
майтын адамдар туралы.

*Апа - деп ем шамырқанды бір ана,
Көңілсіздеу көзбен атып тым ала.
Кінәлі боп қалғандай-ақ күй кештім,
Мұндай нарсе көрмеп едім сірә да.*

*Не деп тұрсың, апамын ба қарашы,
Көзіңді аш, дұрыс сөйле ағасы.
Деп зілдене дауысымен тіл қатты,
Базардағы бәз біреудің анасы.*

*Апа-деме бұдан кейін қыз дегін,
Үйренсеңші ағалардың іздерін.
Сен айтқандай апа емеспін қартайған,
Саналамыз әлі қыз боп, біз керім.*

«Күрсінемін» атты өлеңінде. Ерте-
ден қара кешке дейін күйбің тіршіліктің
қамытын киген базардағы ананы да
түсінуге болар. Алайда, уақыт салған
тергеуінді тезден ешкімде озып кете
алмайды.

«Қажыдым» аты өлеңіне зер салып
көріңіз.

*Жасандылық жағаласқан заманда,
Арта қоймас түсінемін бағам да.
Барлығы да өзгертін боп алды,
Не болды екен, есі дұрыс адамға.*

*Сайқалдықтың таусылмаса
сан қыры,
Батыр болып көрінеді ал бірі.
Жасандылық жаулап алған
жалғанда,*

*Не болады, болашақтың тағдыры, -
деп болашаққа алаңдауы, беймаза күй
кешкен ақынның толғанысы жүректі
сыздатып, санаға салмақ салады.
Ал, «Көкжал» атты өлеңінде жемтікке
қарамайтын көкбөрінің тектілігінен үлгі
алуды, бір-біріне қастық қылмайтын
қасқырдың қасиетін адамзатқа паш
етеді.*

*Ұлиды олар көк аспанға қарап ап,
Жортады ылғи жонтауларды аралап.
Олар жүрген кездерінде бірігіп,
Дірілдейді тыныштықтан бар алап.*

*Себебі олар, көк бөриден тараған,
Күллі әлемге көкжал болып қараған.
Қадірлерін жоғалтпаған қасқырдың,
Қасиетін білу керек бар адам.*

Поэзия әлеміне өзіндік қол таңбасын
ала келген Салтанат ақынның толығып,
толысар шағы әлі алда. Жас толқынға
өлең өлкесінде қырандай қалықтап,
алдыңғы толқын ағалардың сүрлеу жо-
лын сенде шиырлап көр дегім келеді.
Қадамың құтты, қаламың ұшқыр,
жырларың жақұтты бола берсін!

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

АО «ЕНПФ» ПОДВЕЛ ИТОГИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2019 ГОДА

ЕНПФ подвел итоги по основным показателям на 1 ноября 2019 года. Так общая сумма пенсионных накоплений составила 10,6 трлн. тенге, из них:

- по ОПВ (обязательные пенсионные взносы) - 10,3 трлн. тенге;
- по ОПТВ (обязательные профессиональные пенсионные взносы) - 238,0 млрд тенге;
- по ДПВ (добровольные пенсионные взносы) - 1,9 млрд тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) в ЕНПФ по состоянию на 1 ноября 2019 года составляет 10,6 млн, их прирост с начала года составил 2%.

На рассматриваемый период вкладчиками было внесено 799,9 млрд тенге по всем видам пенсионных взносов. За счет этих поступлений, а также за счет инвестиционного дохода общая сумма пенсионных накоплений с начала года выросла на 13%.

По сравнению с 1 ноября 2018 года сумма накоплений увеличилась на 17%. К примеру, за год на 4% возросла сумма добровольных пенсионных накоплений, с начала года вкладчиками сделано добровольных пенсионных

взносов на сумму 287 млн тенге.

За 10 месяцев текущего года пенсионные выплаты составили 170,3 млрд. тенге, в том числе:

- по достижению пенсионного возраста - 55,0 млрд тенге;
- лицам с инвалидностью 1 и 2 групп - 1,5 млрд тенге;
- в связи с выездом за пределы Республики Казахстан - 39,6 млрд тенге;
- выплаты по наследству - 22,9 млрд тенге;
- выплаты на погребение - 2,6 млрд тенге;
- другим лицам - 0,1 млрд тенге;
- в компании по страхованию жизни (КСЖ) - 48,5 млрд тенге.

Средняя сумма ежемесячных выплат по графику составила 21 050 тенге, при этом максимальная сумма выплаты составила 514 666 тенге.

Чистый инвестиционный доход, зачисленный на ИПС вкладчиков с начала года составил 551,1 млрд. тенге. Доходность пенсионных накоплений за 10 месяцев 2019 года составила 5,7% при инфляции 3,9% за аналогичный период. Если рассматривать доходность в

годовом выражении, то на 1 ноября она составила 8% против инфляции 5,5% за 12 месяцев. За период деятельности ЕНПФ (2014 - октябрь 2019 годы) накопленная инвестиционная доходность по пенсионным активам составила 68,4% при накопленной инфляции 55,1% (т.е. реальная доходность, превышающая инфляцию, составила 13,3%). Следовательно, пенсионные активы имеют реальную положительную доходность.

Среди основных направлений инвестирования на сегодняшний день можно выделить инвестиции в государственные ценные бумаги Республики Казахстан (по состоянию на 01.11.2019 года - около 38,2% от пенсионных активов), как наиболее надежные финансовые инструменты. Кроме того, инвестиции в облигации квазигосударственных организаций РК (15,6%), ценные бумаги банков второго уровня РК (15,4%), государственные ценные бумаги иностранных государств (14,5%), депозиты в иностранных банках (2,8%), ценные бумаги международных финансовых организаций (2,9%) и другие финансовые инструменты.

Инвестиционный портфель по пенсионным

активам широко диверсифицирован по видам ценных бумаг, эмитентам, странам, валютам. Так, финансовые инструменты, номинированные в национальной валюте - тенге - составляют порядка 65,8% от портфеля, и около 34,2% портфеля инвестированы в инструменты, номинированные в иностранной валюте (преимущественно в долларах США).

Фонд постоянно работает над повышением качества оказываемых услуг, постоянно их совершенствуя и предоставляя своим вкладчикам удобные современные опции. Теперь в мобильном приложении ЕНПФ добавлены Push-уведомления, с помощью которых пользователи приложения получают короткие сообщения о поступлении на их индивидуальный пенсионный счет обязательных и обязательных профессиональных пенсионных взносов.

Для регистрации в мобильном приложении, можно воспользоваться одноразовым паролем, который будет направлен на Ваш мобильный телефон посредством смс-сообщения.

КАК ПОЛУЧИТЬ ВЫПИСКУ В ТРИ КЛИКА?

С каждым годом становится всё больше и больше пользователей электронных сервисов и услуг от АО «ЕНПФ». При этом особое внимание специалистами Фонда уделяется пожеланиям и просьбам своих вкладчиков.

Для ускорения получения выписки с индивидуального пенсионного счета ЕНПФ было обновлено мобильное приложение. Теперь удобный интерфейс позволяет получить выписку всего лишь в три клика на Вашем смартфоне или планшете.

Для её получения Вам необходимо нажать на иконку «Личный кабинет», далее в разделе «Услуги» выбрать подраздел «Электронная выписка». Выписку Вы можете сформировать за любой период. Кроме того, данная выписка имеет специальный QR-код, который содержит веб-ссылку на электронный вариант данного документа, подписанный электронной цифровой подписью (далее - ЭЦП) уполномоченного работника ЕНПФ.

Важно помнить, что согласно пункту 1 статьи 7 Закона РК от 7 января 2003 года № 370-III «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», электронный вариант документа равнозначен документу на бумажном носителе (!).

Напоминаем, что для входа в мобильное приложение необходимо подписать непосредственно в одном из филиалов ЕНПФ соглашение об интернет-информировании, либо воспользоваться ЭЦП. Далее при регистрации в мобильном приложении, пользователь может воспользоваться одноразовым паролем, который будет направлен на его мобильный телефон посредством SMS-сообщения.

В мобильном приложении доступно два способа авторизации: ввести ИИН и пароль, либо использовать ЭЦП. Также пользователь может воспользоваться последующим входом посредством Touch ID для Android и Face ID для IOS (при его наличии на мобильном устройстве), т.е. войти по отпечатку пальца.

Приложение доступно для скачивания в Google Play или AppStore. При этом, пользователь может выбрать один из языков обслуживания: казахский или русский.

К сведению сообщаем, что на данный момент больше двух миллионов вкладчиков уже успели оценить преимущества электронных сервисов Фонда.

ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ

1. Добрый день, в этом году мне исполняется 59 лет, таким образом мне необходимо оформить пенсию. Но мой день рождения приходится на 31 декабря и боюсь, что в связи с новогодними хлопотами мне придётся подавать заявление только в следующем году, какие могут быть от этого последствия? И можно ли обратиться за получением пенсионных выплат раньше? И главное, куда мне обращаться?

При достижении женщиной пенсионного возраста, в этом году - это 59 лет, необходимо до 31 декабря 2019 года включительно обратиться с заявлением о назначении пенсионных выплат по возрасту в подразделения Государственной корпорации «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Если в этом году Вы не успеете подать заявление, то согласно п.1 статьи 11 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» в 2020 году за назначением пенсионных выплат Вы сможете обратиться только после достижения Вами 59,5 лет.

Таким образом, даже если у вас день рождения приходится на 30 - 31 декабря, рекомендуем за десять дней до достижения 59 лет, но не позднее 31 декабря текущего года обратиться с заявлением в Государственную корпорацию, иначе придётся ждать ещё полгода для реализации своих прав на пенсионные выплаты.

Для сведения информируем, что с октября 2018 года введена так называемая комбинированная услуга по подаче единого заявления на назначение пенсионных выплат по возрасту (из государственного бюджета и ЕНПФ) в ЦОНЫ по принципу «одного окна». Для назначения выплат из ЕНПФ необходимо предоставить копию документа, удостоверяющего личность получателя, и оригинал для сверки, а также сведения о банковском счёте, на который будут поступать выплаты из ЕНПФ одновременно с пенсионными выплатами за счет бюджетных средств.

2. Я работаю шахтёром и только недавно узнал, что мой работодатель должен ежемесячно перечислять 5% обязательных профессиональных пенсионных взносов за меня. Как мне проверить соблюдает ли он это правило и действительно ли эти средства поступают на мой счёт?

Вы можете легко контролировать все движения средств на вашем индивидуальном пенсионном счёте (ИПС) в ЕНПФ, выбрав для себя наиболее удобный способ:

1) электронный:
посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ;
посредством личного кабинета с использованием электронной цифровой подписи или логина пользователя и пароля;

2) при личном обращении вкладчика обязательных пенсионных взносов, физического лица, за которое перечисляются обязательные профессиональные пенсионные взносы, или получателя пенсионных выплат непосредственно в ЕНПФ;

3) посредством услуг почтовой связи.

Самый оперативный способ - это получение информации через личный кабинет ЕНПФ или портал электронного правительства.

Также можно воспользоваться обновлённым мобильным приложением для смартфонов и планшетов. Если вы хотите, чтобы вам предоставили информацию лично специалисты АО «ЕНПФ» - для вас открыты наши центры персонального обслуживания по всей республике.

Напоминаем, обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОПТВ) уплачиваются в национальной валюте - не позднее 25 числа месяца, следующего за месяцем выплаты доходов. Контроль за перечислением в том числе ОПТВ осуществляют налоговые органы. В случае, если работодатель своевременно не перечисляет ОПТВ на индивидуальный пенсионный счёт работника, то с работодателя налоговыми органами они взыскиваются и подлежат перечислению в ЕНПФ с начисленной пеней.

Кроме того, органы налоговой службы ежегодно публикуют в средствах массовой информации списки работодателей, имеющих задолженность по ОПТВ, не погашенную в срок более шести месяцев со дня её возникновения.

3. Здравствуйтесь, мой отец является инвалидом второй группы и ему весьма затруднительно посетить филиал ЕНПФ, есть ли возможность обслужить его на дому?

АО «ЕНПФ» заботится о каждом вкладчике (получателе) и

старается предоставить свои услуги различными способами. Вот уже на протяжении нескольких лет в Фонде действует проект по выездному обслуживанию под названием - «Мобильный агент». В штате ЕНПФ есть специальные сотрудники, которые выезжают к людям, не имеющим возможности приехать лично в офис по состоянию здоровья, находящиеся на режимных и особо охраняемых объектах. Для этого необходимо оставить заявку на сайте позвонить по номеру 1418 в Call-центр ЕНПФ. Далее сотрудники Фонда предварительно звонят и сообщают о дате и времени приезда. У каждого из них при себе имеется служебное удостоверение, поэтому в случае сомнения, можно позвонить в call-центр Фонда на номер 1418 и уточнить, действительно ли такой-то специалист является сотрудником ЕНПФ. «Мобильный агент» оснащён всем необходимым для работы: ноутбуком, USB-модемом и портативным многофункциональным устройством, чтобы отсканировать документы, распечатать выписку и т.д. Все это позволяет вкладчикам (получателям) получить всю линейку услуг, предоставляемую ЕНПФ, на местах.

4. Мой супруг перевел свои пенсионные накопления в страховую организацию. Однако посоветовавшись дома и, получив первые деньги, мы решили отказаться от этой затеи, можем ли заново вернуть деньги в ЕНПФ?

К сожалению, после осуществления перевода пенсионных накоплений в страховую организацию возможность вернуть деньги обратно в ЕНПФ отсутствует. Аннулировать заявление можно лишь ещё до перевода пенсионных накоплений в страховую организацию. Для этого вкладчику при личном обращении в офис филиала ЕНПФ необходимо иметь при себе оригинал документа, удостоверяющего личность.

5. Не так давно мне исполнилось 63 года, и я стал пенсионером. Однако мне бы не хотелось прекращать свою работу, но у меня возник такой вопрос - Будут ли теперь перечисляться с моей заработной платы обязательные пенсионные взносы или нет?

Нет, не будут. В соответствии с положениями п.2 ст.24 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в РК» лица, достигшие пенсионного возраста, освобождаются от уплаты обязательных пенсионных взносов в ЕНПФ, но могут самостоятельно вносить добровольные пенсионные взносы.

Для этого необходимо заключить с ЕНПФ договор о пенсионном обеспечении за счет добровольных пенсионных взносов. При этом размер и периодичность уплаты добровольных пенсионных взносов устанавливается вкладчиком самостоятельно.

ПРЕСС-ЦЕНТР АО «ЕНПФ»

БӘСЕКЕ

БОКСТАҒЫ 12 ЖҰП



АЛМАТЫДАҒЫ БАЛУАН ШОЛАҚ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ САРАЙЫНДА БІРҚАТАР ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАРДЫҒЫ ҚАТЫСУЫМЕН ҮЛКЕН КӘСІПҚОЙ БОКС КЕШІ ӨТТІ. «МТК GLOBAL KAZAKHSTAN» КОМПАНИЯСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ДОДАДА 12 ЖҰП ЖҰДЫРЫҚТАСЫП, ЕКІ БІРДЕЙ АЛТЫН БЕЛБЕУ САРАПҚА САЛЫНДЫ.

Рейтингтік бәсекеде жеті қазақ боксшысы шаршы алаңға шығып, алтауы жеңіске жетті. Атап айтсақ, Мирасәлі Сәрсенов пен Рай Сейтжанов әзірбайжандық Асқар Рагимов пен Рамиз Мамадовты, Елшат Нығметолла мен Нұртас Әжбенев филипиндік Крис Альфанте мен Лэнди Крус Леонды, Абай Төлеш чехиялық Томаш Безводаны ұпай сандарымен ұтты. Бірден айта кетейік, бұл кездесулердің бірінде де жеңіс жерлестерімізге оңайлықпен келген жоқ. Шет елдерден келген спортшылардың барлығы да қарымды екен. Кәсіпқой бокстағы карьераларын енді ғана бастап жүрген қазақ жігіттеріне өз жанкүйерлерін қуанту үшін сол жарыста көп тер төгуге тура келді. Сонысына орай жігіттер жеңістің көбін елде қалдырды. Тек Ескендір Харсанның жолы болмады. Осы уақытқа дейінгі кездесулерінің бәрінде жеңіске жеткен Ескендір камерундық Томас Эссомбаға келгенде бабының келіспегенін аңғартты. Үшінші раундта техникалық нокаутпен сайысты аяқтады.

Кеш соңында екі бірдей алтын белбеу сарапқа салынды. Қазақ жанкүйерлері үлкен сенім артып отырған жалынды жас Сұлтан Зәуірбек Қытайдан келген Лешан Лиді ұтып, өзіне тиесілі WBC Youth World Champion (жастар) нұсқасының алтын белбеуін сақтап қалды. Қазақстанның тағы бір белді боксшысы Виктор Коточигов өзіне тиесілі WBC International нұсқасының чемпиондық тәжін қорғап қалу үшін Аргентинаның азулы боксшысы Хавьер Хосе Клаверомен күш сынасты. 10 раундтық сайыстың қорытындысы бойынша жеңіс бірауыздан жерлесімізге берілді. Осылайша, екі алтын белбеу де елде қалды.

Естеріңізге сала кетейік, бұл бәсекелер отандық «Қазспорт» арнасынан бөлек, АҚШ-тың әйгілі ESPN телеарнасы арқылы төрткүл дүниенің 60-тан аса мемлекетінде тікелей эфирден көрсетілді. Қазақстанның былғары қолғап шеберлерін Сағатбек Мұсаханов, Қанат Әлтаев және Дастан Сәдуақасов сынды білікті бапкерлер дайындады.

<https://egemen.kz/>

КОНЬКИ

Жапонияның Нагано қаласында конькимен жүгіруден әлем кубогының төртінші кезеңі өтуде. Командалық спринтте қазақстандықтар 9-орынды иеленді - деп хабарлады ҰОК баспасөз қызметі.

Біздің құрама сапындағы Роман Креч, Станислав Палкин, Артур Галиев және Артем Крикунов төрттігі 14 команда арасынан 9-сатыға тұрақтады. Төртінші кезеңде Ресей құрамасы топ жарса, Жапония мен Канада күміс пен қоланы еншіледі. Ал әлем кубогының төрт кезеңі қорытындысы бойынша, Қазақстан үшінші орын иеленді. Біздің құрама еншісінде 290 ұпай бар.

Осылайша, Дмитрий Бабенко баптайтын Қазақстан құрамасы жекелеген қашықтықтар бойынша әлем чемпионатына жолдама алды. Жалпы командалық есепте Нидерланд құрамасы 440 ұпаймен көш бастады. Екінші орында 316 ұпайы бар Швейцария құрамасы тұр.

А. НАЗЫМҰЛЫ.

ҮЗДІК ҮШТІКТЕ



ЛИГА

Футболдан Еуропа лигасының топтық кезеңі аяқталды. Нұр-Сұлтан қаласының намысын қорғайтын "Астана" клубы соңғы турда сербиялық "Партизан" клубынан 4:1 есебімен жеңілді.

ІРІ ЕСЕЛІМЕН ҰТТЫЛДЫ



Бұл туралы елордалық ұжым Instagram желісіндегі ресми парақшасында жазды. Матч Сербияның астанасы Белград қаласында өтті. Тартысты өткен ойында есепті алаң иелері ашты. "Партизан" ойыншысы Сума алғашқы таймның 4 минутында-ақ "Астана" қақпашысы Ненад Эричтен айласын асырды. Артынша Садик 22 минутта есепті еселесе, 4 минуттан кейін Асано тағы бір голдың авторы атанды. Алғашқы таймда 3:0 есебі сақталды. Екінші таймды "Астана" клубы қарқынды бастады. Алайда қарсыластар қақпасынан саңылау табу елордалық ұжымның ойыншылары үшін үлкен қиындық тудырды. Матчтың 75 минутында Садик есепті 4:0-ге

жеткізді. Ойынның соңғы минуттарында "Астана" клубы қарсыластар қақпасына бір доп соға алды. Ал елордалық ұжым сапынан жалғыз голдың авторы Ротариу атанды.

"Партизан" - "Астана" арасындағы кездесу соңында отандық команданың бас бапкері Роман Григорчуктың қатысуымен баспасөз жиыны өтті.

Ол тартысты өткен матч туралы өз пікірін білдірді.

"Қарсылас команданы жеңісімен құттықтаймын. Біз өз мүмкіндіктерімізді лайықты пайдаланғанда, ойын есебі басқаша болар еді", - деп өз өкінішін білдірді "Астана" клубының жаттықтырушысы.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

ФУТБОЛ

ТУРИНДІК "ЮВЕНТУС" ПЕН ПОРТУГАЛИЯ ҚҰРАМАСЫНЫҒЫ ШАБУҢШЫСЫ КРИШТИАНУ РОНАЛДУ КЕЗЕКТІ РЕКОРДЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

"Ювентус" Италия чемпионатының 16 турында "Удинезе" клубына қарсы ойнады. Тартысты өткен матч 3:1 есебімен туриндік ұжымның пайдасына шешілді. Роналдудың аталған ойындағы екі голы футболшының кезекті рекордына қол жеткізді. 34 жастағы шабуылшы Италия, Испания, Англия чемпионатында 15 маусым бойы ең кемінде 10 гол соққан алғашқы ойыншы атанды.

Еске сала кетейік, атақты аяқ-допшының бітіспес бәсекелесі Аргентина құрамасы мен "Барселона" клубының капитаны Лионель Месси де өткен аптада хет-трик жасап, әлемде бір ойында қатарынан үш гол соққан нағыз сұрмерген екендігін дәлелдеген болатын. Ол осы нәтижесімен "Ювентус" шабуылшысының рекордын жаңартқан.



Eurosport.ru

АЙДЫНДЫ ӘЛЕМ

«ДЕНИСТІҢ ДОСТАРЫ»
МҰЗ ШОУЫ

Елордада «Денистің достары» мұз шоуы өтті. Зал көрермендерге әдеттегідей лық толы болды. Достары быыл да жұлдыздай жарық етіп сөнген мұз ханзадасын кезекті мәрте еске алды.



Бұл жолы шоу қонақтары ретінде екі дүркін Олимпиада чемпионы болған Татьяна Волосожар мен Максим Траньков, әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегерлері Кейтлин Уивер мен Эндрю Поже сынды танымал спортшылар қатысты. Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, әйгілі мәнерлеп сырғанаушы көзі тірісінде жиі ұйымдастыратын «Денистің достары» атты мұз шоуы өз жалғасын тауып, көрермендерін қуанышқа бөледі. Талантты спортшы Денис Тен жанкүйерлері алдында арнайы өнер көрсетуді игі дәстүрге айналдырған болатын. Әріптес достарын да шақырып, елімізде мәнерлеп сырғанау спортының дамуына үлес қосты.

Кеште АҚШ, Ресей, Канаданың белгілі мәнерлеп сырғанаушылары көпшілікті әсерлі қойылымдарымен тәнті етті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Биыл әлемдік жаңалықтар арасында жаһандық жылыну ең маңызды мәселе болды десек, артық айтқанымыз емес. Соның салдарынан Жер бетіндегі мәңгілік мұздар еріп жатыр. XX ғасырға қарағанда ауа-райының орташа температурасы 0,74 градусқа көтерілген.



2019 ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛМАҚ?

Қазіргі қолданылатын жеңіл шаралар (Өндіріс қоқыстарының азайтылуы, орман көлемінің артуы) жалғасын тапса, Жер шары бұрынғыдан 2 градусқа ғана ыстық болады, егер осындай шаралардың өзі қолданылмайтын болса, онда ауа-райының орташа температурасы 4 градусқа дейін артады. Соның нәтижесінде теңіз жағалауындағы қалалар су түбіне батып, адам өлімі жиілеп, табиғи апаттар күрт артады.

жаһандық температура 1850-1900 жылдардағы орташа деңгейден 1,1 жоғары екенін мәлімдеді.

Климаттың өзгеруінен босқындар саны артты

Соңғы төрт онжылдықтың әрқайсысы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда ыстық болды. Климаттың өзгеруі – болашақ ұрпақтың алдында тұрған күрделі мәселе. Бүгінде жаһандық жылынуудың салдарынан миллиондаған адамдар зардап шегуде. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында 10 миллионнан адам өз елдерінің ішінде босқын болған – олардың жеті миллионнан астамы дауыл, су тасқыны және құрғақшылық сияқты төтенше ауа райы құбылыстарына байланысты. Жылдың аяғында Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы ауа райының қолайсыздығынан босқындар саны 22 миллионға жетуі мүмкін деп мәлімдеді. Ғасырда бір рет болған аптап ыстық пен су тасқыны бүгінде тұрақты құбылысқа айналды. Естеріңізге сала кетейік, биыл Африканың оңтүстік-шығысында қатты дауыл тұрып, Еуропа қатты ыстықтан зардап шекті, ал Аустралия, Калифорния, Ресей және Бразилияда орман өрттері табиғатқа өз зиянын тигізіп жатыр.

Климаттың өзгеруіне бейімделе аламыз ба?

Қазіргі уақытта Мадридте әртүрлі елдердің өкілдері 2015 жылы Париж климаттық келісімін аяқтауға бағытталған маңызды келіссөздер жүргізуде, бұл елдерді жаһандық температураның одан әрі көтерілуіне жол бермеу үшін жұмыс істеуге міндеттейді. Сонымен, өткен жылы Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық комиссия (IPCC) парниктік газдар шығындарын азайту және жаһандық экономиканың жаңартылатын энергия көздеріне көшу қажеттілігі туралы айтты. Алайда қоқыстар көбеймесе азайған жоқ. Мадрид демекші, Мадридтің «Реалы» соңғы «Эспаньолға» қарсы кездесуде жаһандық жылынуудың алдын алуды қолдап, жасыл түсті жейдемен алаңға шықты.

Қорыта айтқанда, ғалымдар жаһандық жылынуға бейімделуді емес, оның алдын алудың түрлі жолдарын қарастырып жатыр. Егер адамзат алдағы 17 жыл ішінде жер бетіндегі ауа-райына деген көзқарасын өзгертпесе, Жер атмосферасындағы өзгерістерді кейін тоқтата алмайды. Ал ауаның орташа температурасы +2 градустан асып кетуінің алдын алу мүмкін емес болып қалады. Бұл туралы Утрехт университеті ғалымдары «Earth System Dynamics» журналына көлемді мақала жариялады.

Ғалымдар мұздың еруі жылдан жылға жылдамдап бара жатқанын айтып, дабыл қағуда. БҰҰ-ның мұздардың еруі бойынша жасаған есебіне сәйкес, 2005 жылдан бері теңіз деңгейі XX ғасырға қарағанда 2,5 есе тез көтеріліп келеді. Климат бойынша БҰҰ сарапшылары тобы көмірқышқыл газы қазіргідей деңгейде (CO2) шығарылатын болса, мұздың еруі 2100 жылға қарай төрт есе артатынын ескертті.

Сонымен, 2019 жылы жаһандық жылынуға қатысты елеулі жаңалықтар:

1. 2019 жылдың шілде айы адамзат тарихындағы ең ыстық айлардың бірі болды.

2. Қатты ыстық салдарынан шілде айында Гренландиядағы мұз қалқанының 160 миллиард тонна мұзы еріп кетті. Салыстыру үшін айтатын болсақ, бұл көлемі «Астана Арена» стадионындай 160 миллион бассейнге тең.

3. Осы ыстық салдарынан Антарктидадан соңғы 50 жыл ішіндегі ең үлкен айсберг бөлініп шықты. Оның салмағы – 315 миллиард тонна, аумағы – 1636 квадрат шақырым.

4. Ресейдің Сібір аймағында 26 шілдеде алапат өрт басталды. 31 шілдедегі деректер бойынша, 3 миллион гектарға жуық жер өртеніп кеткен. Өрттің түтіні Қазақстанның 7 облысында байқалды.

5. АҚШ-тың Калифорния штатында алапат өрт болды.

6. Гавай архипелагына кіретін «Валака» аралы жер бетінен жоқ болып, су астына кетті. «Валака» солтүстік-батыстағы атоллдар ішіндегі үлкендігі жағынан екінші арал болатын. Оның ені 120 метр, ұзындығы 1 шақырым. Жоғалып кету қаупі төніп тұрған (ұзындығы 80 сантиметрден 1,4 м дейін жететін, салмағы 600 келі болатын) жасыл теңіз тасбақаларының дүние жүзі бойынша жартысынан астамы осы аралда өмір сүретін еді.

Бұл әлі толық тізім емес. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған есеп бойынша, соңғы он жыл тарихтағы ең ыстық жылдар болған. Зерттеушілер климаттың өзгеруі адамзаттың оған бейімделу қабілетін арттырады деген қорытындыға келген. Сонымен қатар, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМҰ) биыл

ТӘРБИЕ

АЙТУҒА БОЛМАЙТЫН СӨЗДЕР

БАЛАҒА СӨЗБЕН ЕМЕС, ІСПЕН ҮЛГІ БОП ТӘРБИЕЛЕСЕК ТЕ, БІЗДІҢ ӘР СӨЗІМІЗ ОЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. «ОЛАЙ ІСТЕСЕҢ ЖАҚСЫ КӨРМЕЙМІН», «СЕН СИЯҚТЫ БАЛА БОЛҒАНЫНАН БОЛМАҒАНЫ АРТЫҚ», «СЕНІ НЕГЕ ӨМІРГЕ ӘКЕЛДІМ ЕКЕН» ДЕГЕН СИЯҚТЫ АШУ ҮСТІНДЕ АЙТЫП ҚАЛАТЫН СӨЗДЕРМЕН ҚАТАР, КҮНДЕЛІКТІ МАҒЫНАСЫНА БОЙЛАМАЙ АЙТА БЕРЕТІН СӨЗДЕР ДЕ БАР.

Жігіт жыламайды

Бала болған соң құлап қалса да, ренжісе де жылайды. Оны жиырма жастағы жігітке балаудың қажеті жоқ. Кішкене кезінде қалай үйренсе, солай қалыптасады деп қателеспеніз. Кішкентай балаға жылауға, эмоциясын іште сақтамауға ерік беріңіз. Өз қылығына өзі ұялатын, өзін өзі басқара алатын



жасқа жеткенде қай жерде жылап, қай жерде жыламау керекін үйреніп алады.

Жігіт қорықпайды

Біреуден таяқ жеп келсе «ой, қорқақ» деп одан сайын жігерін жасыту зор қателік. Батырлар қорықпайды деп кішкене балаңызды ерлікке шақыра алмайсыз. Бала болған соң қараңғыдан да, иттен де, өрмекшіден де қорқуы қалыпты жағдай. Қайта қорқыныштан жеңуіне көмектесіңіз. Бауыржан Момышұлының өзі «Соғыста қорықтыңыз ба?» деген сұраққа қорқынышсыз адам болмайтынын, тек жауыңа мұны сездірмеуің ерлік екенін айтқан.

Әкең секілді...

Әкең секілді жұмыссыз қаласың, әкең сияқты малдың артында жүресің, әкең сияқты қырсықсың

деген секілді сөздер мәселені шешпейді. Қандай жағдай болса да, баланың алдында әкесінің кемшілігін басып айтуға болмайды. Әр бала өз әкесін идеал санайды. Оның идеясының атына кір келтіріп, көз алдында әкесінің алып бейнесін құлдыратпаңыз.

Бізді бағатын – сен

Еңбекқор болсын деп баланы кішкене кезінен жұмысқа салып қою да дұрыс емес. Бала балалық шағында ойынға қанып өсуі керек. Оған сол ойынның өзі зор жұмыс, ойынмен өседі, ойынмен жетіледі. Үйдің үлкені болса да, ұлдың үлкені болса да жасына жетпей жатып мойнына зор жауапкершілік жүктемеңіз. Әкесі істейтін қызметті бала атқаруы міндетті емес. Ақша табудың да, еңбек студияның да, атанасына қолғабыс жасаудың да өз уақыты бар.

КЕРЕК ДЕРЕК

Қар түсіп, қаламыздың ақ қарға оранғаны аққаланың 1 жыл уақыттан кейін қайта оралғанын білдіретіндей. Ойын балаларының қыс түскеннен кейінгі ең қызықты, ең негізгі өрмегі аққала жасау. Осы бір мүсіннің қыс мезгілінің символына айналуына не себеп болды? Аққаланың құпияларын ақтарып көрелік.

ҚЫСТЫҢ СИМВОЛЫ

◆ «Аққала» деген ұғым ең алғаш рет XV ғасырдың аяғында, шамамен 1493 жылы енді. Италиялық мүсінші Микеланджело Буонарроти жаңа жауған қардан қарапайым мүсін жасап шығарды. Ол мүсінді жасау оңай ері тез болғандықтан, ойын балалары осы бейнені жұмсақ қардан жасауды бірден үйреніп кетті. Осылайша, аққаланың ең алғашқы бейнесі Еуропада жарыққа шықты. Ал, ол туралы деректер XVIII ғасырдағы Еуропа жазушыларының кей шығармаларында да қысқаша жазылған.

◆ 1999 жылы «Әлемдегі ең биік аққала» деген рекордтық көрсеткішпен АҚШ-тың Бетель қаласында жасалған 35 метрлік аққала тіркелді. Ол сол уақыттағы штат губернаторы Ангус Кингтің құрметіне Ангус деп аталды. Ангус сол жылы маусым айына дейін ерімей, өз пішінін сақтапты.

◆ Ал, 2008 жылы дәл осы қалада аққаланың биіктігі бойынша рекорд жаңарды. «Olimpia Snow Woman» деп аталған аққаланың биіктігі – 37 метр. Оны жасау үшін 2 апта уақыт, 6 тонна қар кеткен.

◆ Көптеген елде дәстүрлі наным-сенімдерге байланысты аққаланы «періште» деп есептейді. Өйткені, оны жасау үшін қолданылатын қар аспаннан жауады. Ал, періштелер сол аспанда жүреді деген сенімнің негізімен әр қыс сайын аққала жасап, оған сыбырлап тілектерін айтады екен. Аққала еріген кезде сол тілек түбегейлі орындалады деп сенім білдіреді.



ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

КӨҢІЛ-КҮЙ ҚҰТҚАУЫ

Ауа-райының суып, күннің қысқаруы адамдардың көңіл-күйіне әсер етеді. Wired басылымының жазушыша, қыстыгүні адамдар күйзеліске ұшырағыш болып келеді.

• Егер адамның биологиялық сағаты күнделікті тірлік пен жұмысқа сай болмаса, көңіл-күйді өзгерту үшін тиісті шаралар қабылдауы қажет екен. Оның үстіне қыс айларында өз-өзіне қол жұмсау да жиі кездеседі.

• Мамандар қыста адамдарға көп ұйықтау керекін айтады. Сол себепті жұмыс графигін әркім өзінің биологиялық сағатына ыңғайлап реттеуі қажет.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахананың директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары

Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші

Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Айсұлу ӘБІШЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. НАЗЫМҰЛЫ



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098 Тапсырыс № 1687

Индекс 15534



Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ